

Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

ҰЛЫЛАР ЕЛІНІҢ ҮНПАРАҒЫ



SEMEI tañy

№ 34 (19786) 1 мамыр, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ



АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEITYN.KZ

СЕМЕЙ

Семей қаласындағы жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта алғашқы нысандардың құрылысы басталды.



ЖАҢА ӘКІМШІЛІК ОРТАЛЫҚ:

ҚҰРЫЛЫС БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласында бой көтеретін жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта басталған құрылыс нысандарында болды. Облыс орталығының жаңа келбетіне айналуы тиіс орталықтың макетін аймақ басшысына облыс әкімінің бірінші орынбасары Ербол Садыр таныстырды. Жобаға сәйкес Семей қаласының оң жағалауында аумағы 1000 гектарды құрайтын жаңа әкімшілік-іскерлік орталық салу көзделген. Жалпы тұрғын үй қоры 3 млн шаршы метрден асады, әкімшілік және коммерциялық нысандар көлемі 1 200 мың шаршы метрді құрайды, орталықта 75 мыңнан астам адам тұрады деп болжануда. Жоба аясында мәдениет, білім, денсаулық сақтау, спорт нысандары, қонақ үйлер, мейрамханалар, бизнес орталықтар және заманауи қоғамдық кеңістіктерді қамтитын 40-тан астам нысан салу көзделіп отыр.

Облыс әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен басталған республикалық «Абайға құрмет» акциясы аясында Маңғыстау облысы салып жатқан Достық үйінің және Шымкент қаласының тартуы – Шығармашылық орталығының құрылысы алаңына барды. Құрылыс басында аймақ басшысы жаңа әкімшілік-іскерлік орталықтың Семейді серпілтетін ерекше жоба екенін атап өтті.

«Президенттің тікелей қолдауының арқасында Семейде көптеген жаңа ғимараттар салынады. Бұл жерлеріміз үшін көптеген жұмыс орыны деген сөз. Өйткені, әр аймақ жұмысшыларды өздерімен бірге әкелмейді. Жергілікті тұрғындарды жұмысқа тартады, техникаларды жалға алады. Мұндай ауқымды құрылыс Семейде бұрын-соңды жүргізілген жоқ. Мемлекет басшысы «Абайға құрмет» акциясын бастап, өзге облыстардың қолдауымен қаламыз үлкен құрылыс алаңына айналып жатыр», – деді Берік Уәли.

Айта кетейік, «Абайға құрмет» республикалық акциясы аясында еліміздің өңірлері Семей қаласында бірқатар әлеуметтік және мәдени нысандар салуды жоспарлап отыр. Солтүстік Қазақстан облысының тартуы Мемлекеттік рәміздер алаңының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Түркістан облысы Керме орталығын, Ақтөбе облысы Жекпе-жек сарайын, Павлодар облысы Үстел теннисі орталығын, Атырау облысы «Абай әлемі» ғимаратын, Қызылорда облысы «Анаға тағзым» орталығын, Қостанай облысы Рухани орталықты, Жетісу облысы қалаға кіреберіс қақпа, Астана қаласы 1200 орындық келешек мектебін, Алматы қаласы Медиа орталықты салып берсе, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс жағалауын абаттандырады.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

Абай облысының әкімі Берік Уәли жұмыс сапарымен Аягөз ауданына барды. Іссапар барысында тұрғындарды баспанамен қамту, өнеркәсіптік әлеуетті арттыру және шалғай елді мекендердің өзекті мәселелерін шешу бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

ОБЛЫС ӘКІМІ АЯГӨЗ АУДАНЫНДА

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tañy»

31 ОТБАСЫҒА ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Аягөз ауданына жұмыс сапары барысында аймақ басшысы әуелі аудан орталығында пәтер кілттерін табыстау рәсіміне қатысып, баспаналы болған тұрғындарды құттықтады.

Жаңа пәтерлер көп балалы отбасыларға, жетім балаларға, I және II топтағы мүмкіндігі шектеулі жандарға, сондай-ақ бюджеттік сала қызметкерлеріне берілді. Бұл күні 31 отбасы баспаналы болды.

Бес қабатты 60 пәтерлі тұрғын үй «Отбасы банк» акционерлік қоғамының «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары» бағдарламасы аясында салынған. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халықтың тұрмыс сапасын арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес Абай облысында тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асуда. Аягөз қаласындағы салынған осы 60 пәтерлі тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсімі мұның айқын дәлелі. Дәл бүгін бірқатар өңір тұрғыны баспаналы болып, өздерінің қоныс тойларын тойлайтын болады. Бұл – мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің нақты көрінісі. Бүгін табысталатын әрбір баспана – бір отбасының жаңа өмірге жасаған қадамы, балалардың болашағына жол ашқан игі бастама», – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі аталған үйдің ауласына ағаш көшеттерін отырғызу рәсіміне де қатысты. Баспаналы болған тұрғындар ризашылықтарын жеткізді. «2022 жылы тұрғын үй кезегіне тұрғанбыз. Үш баламыз бар. Үйлі болғанымызға өте қуаныштымыз», – деді Аягөз қаласының тұрғыны Қымбат Думанқызы.

Шара барысында аймақ басшысы Аягөз ауданын дамыту бағытындағы жұмыстарға, жаңа жобаларға тоқталды.

«Жақында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов облысымызға келіп қайтты. Қазіргі уақытта өңірде 10 теміржол вокзалы жаңғыртылып жатыр. Оның ішінде Аягөздің вокзалы да бар. Компания басшылығымен «Абайға құрмет» акциясы аясында Аягөз қаласында спорттық сауықтыру кешенін салу жөнінде келісімге келді. Бұл – осы акция шеңберінде аудандарда салынғалы тұрған алғашқы нысан. Құрылыс жұмыстарын биыл бастайды. «Бақты-Аягөз» темір жол құрылысы ауданның дамуына тың серпін береді. Құрылыс жұмыстарына жергілікті азаматтарды көбірек тарту жөнінде келіссөздер барысында уағдаластық. Бұл өз кезегінде халыққа қосымша табыс, қосымша жұмыс орны болады», – деді облыс әкімі.

Былтыр Аягөз қаласының «Орталық» қазандығында әрқайсының қуаты 10 ккал/сағат болатын үш қазандық орнатылды. 3,9 шақырым жылу желісі ауысып, жылу мәселесі толық шешілді. Аудандағы жолдарды жөндеуге 2,1 млрд теңге бағытталды. Оның ішінде Ақшәулі-Мыңбұлақ-Нарын – Шыңжао жолының 15 шақырымы, Аягөз қаласының 10 көшесі; Айғыз, Дөненбай, Тарбағатай, Баршатаст ауылдарының көшелері жөндеуден өтті. Облыс бойынша 9 мектеп жөндеді, оның ішінде Аягөз қаласының Бозтаев атындағы мектеп-гимназиясы мен №7 орта мектебі, Тарлаулы ауылының Қадыржанов атындағы орта мектебі де бар. Бұл бағыттағы жұмыстар биыл да жалғасын табады.

Қазіргі таңда Аягөз ауданында инфрақұрылымды дамыту, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытында бірқатар нақты жобалар жүзеге асырылуда. Аягөз қаласының бірқатар көшелерінде орташа және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жол сапасы жақсартылуда. Ауданға қарасты ауылдық округтерде де ауқымды жобалар қолға алынған. Мәселен, Ақшәулі ауылдық округінде елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында су құбырын тарту және жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұл жоба ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтуға мүмкіндік береді. Аягөз қаласында қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бағытында бірқатар жобалар жүзеге асырылады. Қабанбай батыр көшесінде орналасқан аллея абаттандырылды. Аягөз қаласының орталық алаңын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Қосағаш пен Тарлаулы ауылдық округтерінің ішкі жолдарын жөндеуге облыстық бюджеттен қаржы бөлінді.

«САРЫБҰЛАҚ» КЕН ОРНЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли Аягөз ауданында ашылған «Sarybulak operating» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне барып, кәсіпорынды ресми түрде іске қосты. Аймақ басшысы ұжымға сәттілік тілеп, өңірдің индустриялық дамуына серпін беретін жобаның маңызын атап өтті.

«Sarybulak Operating» ЖШС 2024 жылы құрылған. Қазіргі таңда мұнда 300 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпорын жүзеге асырып отырған «Сарыбұлақ» мыс кен орнын игеру жобасы өңірдің индустриялық дамуына тың серпін

ды көрсетеміз», – деді Берік Уәли. Айта кетсек, 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында облыстың өнеркәсіп саласында оң өсімге қол жеткізілді. Есепті кезеңде өндірілген өнім көлемі 799,8 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,2%-ға артты. Өнеркәсіп құрылымында негізгі салалар бойынша да оң динамика байқалды. Атап айтқанда, тау-кен өндіру өнеркәсібінде өсім қарқыны сақталып, өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі айтарлықтай артып, 8,1%-ға жетті. Бұл көрсеткіштер облыста өнеркәсіп өндірісінің тұрақты дамып келе жатқанын және өңдеу секторындағы белсенділіктің жоғары екенін дәлелдейді.



береді. Жоба аясында сульфидті кенді өңдейтін байыту фабрикасы іске қосылған. Фабриканың жылдық өндірістік қуаты – 400 мың тонна кен өңдеу. Нәтижесінде жылына 30 мың тоннаға дейін құрамында шамамен 20% мыс бар сульфидті мыс концентраты өндіріледі. Өндірілген өнім ішкі нарықпен қатар, шетелге экспортталады. Кәсіпорынның негізгі бағыты – мыс өндіру. Бұл өз кезегінде өңірдің тау-кен металлургия саласының дамуына және өнеркәсіптік әлеуетін арттыруна тікелей ықпал етеді. Аталған жоба өңір экономикасын өртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экспорттық әлеуетті арттыруға бағытталған.

Кәсіпорын басшылығы облыс әкіміне жүзеге асырылып жатқан жобалар мен алдағы жоспарларын таныстырды. Олардың айтуынша, жұмысшылардың 70 пайызы – жергілікті тұрғындар. Сонымен қатар ауыр жүк көліктерінің қозғалысы да қатаң бақылауда. Жүк тиеу көлемі белгіленген талаптарға сай 8 тоннадан аспайды. Бизнесстің әлеуметтік жауапкершілігі аясында Бидайық ауылында кәсіпорын қаржысы есебінен спорт нысанының құрылысының басталғаны да айтылды. Аймақ басшысы кәсіпорынның кен өндіру орнын, кен байыту фабрикасын, зертхананы, спорт кешенін көріп, өндірістік үдерістердің барысымен, қолданылып жатқан технологиялармен және еңбек қауіпсіздігін сақтау шараларымен танысты. Сонымен қатар, өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және жергілікті кадрларды қолдау бағытындағы жұмыстардың маңызына тоқталды.

«Президентіміздің алдымызға қойған негізгі талабы – инвесторлармен жұмыс істеу. Осындай кен орындары облыстың әлеуетін арттыруға септігін тигізеді. Біз инвесторлармен, кен өндірушілермен тығыз байланыста жұмыс істеуге дайынбыз. Басты талабымыз – жергілікті халықты жұмысқа тарту, олардың өтіншіліктерін орындау. Осы төңіректің елді мекен тұрғындары ауылдарға ойын алаңдарын, спорт нысандарын, жол салу мәселесін көтеріп отыр. Спорт нысанын салуды бастап та кеткен екенсіздер. Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек. Әкімдік тарапынан барлық қажетті қолдау

ШАЛҒАЙДАҒЫ КӨКСАЛА АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аймақ басшысы Берік Уәли Аягөз ауданына жұмыс сапары барысында Айғыз ауылдық округіне қарасты Көксала елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету және қажетті инфрақұрылым салу мәселелері қаралды.

Айғыз ауылдық округі 1959 жылы құрылған. Құрамына Айғыз және Көксала елді мекендері кіреді. Көксала елді мекенінде 17 тұрғын үйді 81 адам тұрады. Мұнда бір медициналық пункт жұмыс істейді. Негізгі тіршілік көзі – ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал өсіру. Кездесу барысында тұрғындар ауыз сумен қамтамасыз ету, футбол алаңын салу, байланыс, жол мәселесін көтерді. «Сарыбұлақ» кен орны ауылға көмек көрсетсе деген тілектерін жеткізді. Осы ауылдың тұмасы, белгілі әнші Тоқтар Серік те кездесуге қатысты.

«Осы елдің атынан аядай ғана ауылымызға арнайы келіп, халықтың жағдайын тыңдап жатқанымыз үшін алғыс айтамыз. Ауылымыздағы ең өзекті мәселе – су. Қалған мәселелер рет-ретімен шешіледі деп ойлаймыз», – деді Тоқтар Серік.

Аймақ басшысы тұрғындардың көтерген мәселелерін тыңдап, Шұбартау өңірінің ауылдарының проблемаларын жақсы білетінін, өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін айтты. «Бүгін өздеріңізбен жүздесемін, мәселелеріңізді тыңдайын деп ауылдарыңызға арнайы келіп отырмын. Көксала – малға жайлы, шөбі шүйгін, шаруашылыққа өте ыңғайлы мекен. Өкінішке қарай, кезінде дүркіреген, бұрынғы Шұбартау ауданы аумағында бүгінде халықтың саны азаиып кетті. «Қарағанды-Боғас» республикалық маңызы бар жолы жөнделіп, «Аягөз-Бақты» темір жолының құрылысы аяқталса, осы төңіректің ауылдардың тіршілігіне қан жүгіретіні анық. Болашақта Шұбартаудың екінші тынысы ашылады деп сенеміз. Облыс әкімдігі тарапынан тиісті қолдау көрсетеміз», – деді Берік Уәли.

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАРЫП ЖАТЫР

ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI tañy

ВЕСТИ СЕМЕЙ

ЖАҢАРҒАН ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАНА СЕМЕЙ СЕГОДНЯ

БІЗДІҢ БЕСҚАРАҒАЙ

НАШ БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА УАҚЫТ

НОВОЕ ВРЕМЯ

2026



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

135,1 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗІЛДІ

Аймақ басшысы Берік Уәлидің төрағалығымен әкімдік отырысы өтті. Жиында ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу, қоныс аударушыларды қабылдау жөніндегі өңірлік квотаның орындалуы және Семей қаласының даму жоспары қаралды. Отырысқа облыстық басқарма басшылары, аудан және қала әкімдері қатысты.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша облыстық саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Әнуар Бейсенов, жер ресурстарын басқару департаментінің басшысы Алмас Тоқсанбаев, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысы Айман Нұрлыбек, Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев баяндамаларын жасады.

Өңірде 2022-2025 жылдар аралығында 481,5 мың гектар ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылған. Айналымға енгізу бойынша тиісті жұмыс жүргізілуде. Былтырғы жылдың IV тоқсанында жоспарланған 70,8 мың гектардың орнына 74,3 мың гектар жер айналымға енгізілген. Былтырғы жылдың I тоқсанында 132,5 мың гектар жоспарланған болса, 135,1 мың гектар жер айналымға енгізілген. Бұдан бөлек, Үкіметтің тиісті қаулысына сәйкес бұрынғы Семей ядролық сы-

нақ полигонының 983,7 гектар жері пайдалануға болатын жерлер құрамына ауыстырылып, оның ішінде 473,5 мың гектар жер Жаңасемей ауданына бекітіліп, кезең-кезеңімен шаруашылық айналымға енгізілмек. Облыста пайдаланылмай жатқан 90 мың гектар ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекетке қайтару жұмысы басталып, бүгінде 71,1 мың гектар жер қайтарылған. Бұл жылдық жоспардың 79%-ын құрап отыр. Қайтарылған жерлердің басым бөлігі жалдау мерзімінің аяқталуы, сот шешімдері және ерікті түрде қайтару есебінен жүзеге асқан. Облыс әкімі аталған бағыттағы жұмыстың маңызына тоқталып, жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысының жер ресурстарын тиімді пайдалану және қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу жөніндегі тапсырмасы өңір дамуының стратегиялық бағыты екенін түсіндіріп қажет. Бірлігімен тапсырмаға сәйкес 2026 жылдың ортасына дейін қайтарылған барлық ауыл шаруашылығы алқаптары тұрақты айналымға енгі-

зілуі керек, – деді Берік Уәли.

Сондай-ақ аймақ басшысы аудан әкімдеріне жерлерді айналымға енгізу жұмыстарын қатаң бақылауға алуды, бұл бағытта инвесторларды тарту жұмысын жандандыруды тапсырды. Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының мәліметінше, облыста еңбек нарығындағы теңгерімді сақтау мақсатында қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдау бағдарламасы жүзеге асырылуда. Абай облысы да қабылдаушы өңірлер қатарына енгізіліп, бағдарлама аясында облыс құрылғаннан бері 811 отбасы немесе 2 289 адам қоныстандырылды. Олардың басым бөлігі Семей қаласы, Жарма және Үржар аудандарына орналасқан. Жалпы 2022-2025 жылдары жоспарлы көрсеткіштер кезең-кезеңімен орындалды. Ал биыл белгіленген 539 адамдық квотаның 67,7%-ы игерілді. Сонымен қатар қоныс аударған азаматтарды жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлінуде. Бүгінгі күні еңбекке жарамды азаматтардың 71,4%-ы жұмыспен қамтылып, оның ішінде көпшілігі тұрақты жұмыс орындарына орналас-тырылды.

Біздің басты мақсат – қоныс аудару бағдарламасының тиімділігін арттыру және азаматтардың біздің өңірде тұрақты орналасуын қамтамасыз ету. Барлық деңгейдегі әкімдер мен жауапты мемлекеттік органдар, қоныс аудару процесін сапалы іске асыру үшін жүйелі және үйлестірілген жұмыс жүргізуі қажет. Қазіргі таңда облысымызда «Қаладан – ауылға» жобасы жүзеге асырылуда. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру керек, – деді облыс әкімі.

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен әкімдік отырысында Семей қаласының даму жоспары талқыланды. Бұл туралы қала әкімі Әділет Қожанбаев баяндады. Мемлекет басшысы айқындаған өңірлерді теңгерімді дамыту саясаты аясында Семей қаласында инфрақұрылымды жаңғырту, инвестиция тарту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ДАМУ ЖОСПАРЫ ҚАРАЛДЫ

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tanu»

Инвестиция тарту бағытында биылғы жылы жалпы құны 68,9 млрд теңгені құрайтын 14 инвестициялық жобаны іске асыру кезделген. Бұл жобалар нәтижесінде 2 300-ден астам жаңа жұмыс орны ашылмақ. Сонымен қатар, 2030 жылға дейін жалпы құны 112,8 млрд теңге болатын 17 ірі инвестициялық жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Облыс орталығының Қарағайлы шағын ауданында жаңа тұрғын үйлердің құрылысы басталып, инженерлік инфрақұрылым жүргізілуде. Қалада көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту және жөндеу жұмыстары жалғасуда. «Жарқын келешек» бастамасы аясында тұрғын кварталдарды ре-новациялау және қоғамдық кеңістіктерді дамыту жоспарланған.

Қалада жалпы ұзындығы 756 шақырым болатын 1 179 көше бар. Осыған сай былтырғы жылы асфальтталған жолдардың үлесі 50 пайызға жеткен. Көлік-жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында биыл 100 көшенің жолдарына орташа жөндеу жұмысын жүргізу жоспарлануда. Былтыр қалада 35 аула аумағы абаттандырылды, биыл 100 аула аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілмек. Сондай-ақ, 100 аулаға асфальт төселмек.

Жиында қоғамдық көлік паркі кезең-кезеңімен жаңартылып, жыл соңына дейін бірнеше жаңа автобустар сатып алынатындығы да айтылды. Сонымен қатар, Ертіс өзені арқылы өтетін көпірді жаңғырту, жол айрықтарын салу және жаңа жол өткелдерін іске асыру жоспарланған. Сонымен бірге қалаға 8 000 ағаш отырғызу кезделген. Қаладағы саябақтар, жағалаулар мен қоғамдық орындарды жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Ерекше атап өтерілігі,



жақында орталық алаңды толық жаңғырту жұмысы басталмақ. Бүгінгі таңда коммуналдық қызметтердің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, ұлттық техникалар сатып алыну-да. Жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынып, спорт инфрақұрылымы да дамып келеді. Аймақ басшысы қала әкіміне осы бағыттағы жұмысты жалғастыру қажеттігін атап өтіп, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай жасау, жұмыспен қамту сынды, кәсіпкерлікті қолдау және экология мәселелерін назардан тыс қалдырмауды тапсырды.

Семей – тұңғыштар мекені, Алаштың астанасы, қойнауы құтты, тарихы тағлымды өлке. Кезінде Алаш арыстарының алтын бесігі, тарихи терең талайлы тағдырды бастан кешкен киелі шаһардың қазіргі таңда инфрақұрылымының ескіріп, тозып тұрғаны жасырын емес. Бүгін біз осы қасиетті мекеннің бет-бейнесін өзгертіп, заман талабына сай дамыту мәселесін пысықтадық. Семей облыс орталығы болғанын кейін үнемі назарымызда болады. Биыл қаланы дамытуға айрықша мән беріп отырмыз. Тазалық жұмыстарын әлі де жандандыру қажет, – деді Берік Уәли.

БОРОДУЛИХА

ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Абай облысының әкімі Берік Уәли жұмыс сапарымен Бородулиха ауданында болды. Аймақ басшысы аудандағы бірқатар маңызды нысандарды аралап, жобаларды жүзеге асыру барысымен танысты. Сапар барысында аграрлық сектордың жай-күйі, мәдени инфрақұрылымды дамыту мәселелері және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар қамтылып, тапсырмалар берілді.

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

«ЛИНА АГРО»
ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ
ЖҰМЫСЫМЕН
ТАНЫСТЫ

Аймақ басшысы Берік Уәли Бородулиха ауданындағы «Лина Агро» шаруашылығына барып, егіс алқабын аралап, тұқым себу жұмыстарын көрді. Мұндағы егіс жұмыстары 27 сәуірде басталып, қазіргі таңда 100 гектарға бидай себілген. Кәсіпорын 2016 жылы құрылған. Негізгі қызметі – өсімдік шаруашылығы. Қазіргі таңда шаруашылықта 41 адам жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы құрылымында жалпы көлемі 9 261 гектар жер бар. Оның ішінде 9 086 гектары егістік алқап. Мұнда 5 706,1 гектарға бидай, 3 379,9 гектарға күнбағыс егілген. Сонымен қатар 175 гектар жайылым жер қарастырылған. Шаруашылықтың материалдық-техникалық базасы да жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Барлығы 31 техника бар, оның ішінде 19 трактор, 8 комбайн және 4 басқа техника жұмыс істейді. Аймақ басшысы кәсіпорынның қызметімен танысып, өндірістік әлеуетін, жаңа технологиялар енгізу бағытындағы жұмыстарын оң бағалады.

«Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі драйверлерінің бірі. Мұндай ірі және жүйелі жұмыс істейтін шаруашылықтар облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Сондықтан біз бұл бағыттағы тиімді жобаларды қолдауды жалғастырамыз», – деді Берік Уәли.

МӘДЕНИЕТ
НЫСАНЫНДА БОЛДЫ

Аймақ басшысы Берік Уәли Бородулиха ауданының Белағаш ауылында салынып жатқан 100 орындық ауылдық клубтың құрылысымен танысты. Нысан құрылысы 2023 жылы басталған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 90 пайызы орындалған. Аталған ауылдық округте осы уақытқа дейін мәдениет нысаны болмаған. Осыған байланысты жергілікті кәсіпкердің бастамасымен клуб құрылысы қолға алынған. Алайда нысанды мемлекет теңгеріміне сатып алу мәселесі түбегейлі шешілмей, қаржыландырудың болмауы құрылыс қарқынына әсер еткен. Қазіргі таңда жобаны аяқтау үшін 300 миллион теңгеден астам қаржы қажет. Бұл қаражатқа музыкалық жабдықтау, сахналық костюмдер, жиназдар сатып алу және ғимаратта қарастырылған ұқаскелік полиция пунктін толық жарақтандыру жұмыстары да кіреді. Облыс әкімі ауыл тұрғындары үшін аса қажет нысанның құры-



лысын аяқтап, пайдалануға беру қажеттігін айтты.

«Ауылда мәдениет нысанының болмауы тұрғындар үшін өзекті мәселе. Клуб – тек мәдени іс-шара ұйымдастыру үшін орын емес, ауыл халқының бас қосатын, жастардың бос уақытын тиімді өткізетін маңызды орталығы. Сондықтан бұл нысанның құрылысын толық аяқтап, пайдалануға беруіміз қажет. Облыс әкімдігі тарапынан тиісті қолдау көрсетеміз», – деді Берік Уәли.

Жалпы, Бородулиха ауданында бір аудандық мәдениет үйі, алты округтік мәдениет үйі және төрт ауылдық клуб жұмыс істейді.

ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ
ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ
ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Облыс әкімі Берік Уәли Бородулиха ауданына жұмыс сапары аясында шегіртке ошақтары анықтау және зерттеу жұмыстарымен танысты. Аудан орталығында жер үсті бүріккіш техникаларды қолдану арқылы химиялық өңдеу бойынша оқу-жаттығу шарасы өтті. Шара шеңберінде аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы фитосани-

тариялық іс-шараларды жүргізу маусымына дайындық мәселелері бойынша кеңейтілген форматта көшпелі штаб отырысы өтті. Оған Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы Сәкен Қаныбеков пен аталған министрліктің агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» басшысы Елтай Хамиджанұлы арнайы келді. Оқу-жаттығу жиынында өңірде атқарылып жатқан фитосанитариялық шаралар туралы Абай облысы бойынша аумақтық инспекция басшысы М.Жанабаев пен Болжам әдістемелік орталығының облыстық филиалының басшысы М.Бектеміров баяндады. Өңірде аса қауіпті зиянды организмдерге, соның ішінде үйірлі шегірткелерге қарсы күрес жүйелі түрде жүргізілуде. Осы мақсатта облыс көлемінде 11 жедел штаб құрылып, аудандық деңгейде тұрақты түрде жұмыс істеуде. Олар зиянкестердің таралуын бақылау және жедел әрекет ету жұмыстарын үйлестіреді. Биыл үйірлі шегірткелерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жалпы 119 310 гектар аумақта жоспарланған. Оның ішінде итальяндық пруссака қарсы 92 310 гектар, ал азиялық шегірткеге қарсы 27 000 гектар жер қамтылады. Сонымен қатар, саяқ шегірткеге қарсы 62 094 гектар аумақта химиялық өңдеу жүргізу жоспарланған. Бұл жұмыстарға 79 анықтаушы маман, 18 инспектор және 11 ауыл шаруашылығы басқармасы қызметкері тартылып, 39 автокөлікпен қамтамасыз етіледі. Химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін жер үсті бүріккіш техникалар, авиациялық құралдар және аэрозольді генераторлар қолданылады. Бұл жұмысқа 17 жер үсті бүріккіш техника, 3 арнайы агрегат, 2 жеңіл авиация және 1 аэрозольді генератор жұмылдырылады. Шара барысында шегіртке зиянкестерін зерттеуге және химиялық өңдеу жұмыстарын бақылауға арналған аудандық аумақтық және болжам әдістемелік филиалдарының техникалары таныстырылды. Облыс әкімі шегірткеге қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысын қатаң бақылауда ұстап, барлық шаралардың уақтылы өрі тиімді орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Шаруаларға зардабын тигізбеу үшін шегірткелердің санын азайту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуіміз керек. Ең бастысы, алдын алу шараларын уақтылы қолға алуымыз қажет. Әкімдік тарапынан тиісті қолдауды көрсетеміз», – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі Берік Уәли «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновпен кездесті.

«БАҚТЫ – АЯГӨЗ»
ТЕМІР ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өңірдегі тиісті басқарма басшылары, Аягөз, Үржар және Мақаншы аудандары әкімдері мен мердігер компания өкілдері қатысқан жиында «Бақты – Аягөз» теміржол құрылысы мен облыстағы теміржол вокзалдарын жаңғырту жобалары жан жақты талқыланды.

Аталған жобаның Абай облысы үшін стратегиялық маңызы зор. Теміржол желісінің салынуы өңір экономикасына қосымша серпін беріп, 1200 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жоба еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға және халықаралық көлік дәліздерін дамытуға ықпал етеді. Аймақ басшысы жобаның өңір және ел экономикасы үшін маңызына тоқталып, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытудағы және транзиттік әлеуетті арттырудағы рөлін атап өтті.

«Бұл жоба Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында жүзеге асырылып жатыр. Жалпы алғанда, «Бақты – Аягөз» теміржол желісі Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы өткізу қабілетін 28 миллион тоннадан шамамен 48 миллион тоннаға дейін ұлғайтуға, оңтүстік бағыттағы өткізу бекеттеріне түсетін жүк-темені азайтуға және қосымша транзиттік көлемдерді тартуға мүмкіндік береді», – деді Берік Уәли.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы өңір аумағында бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда. Атап айтқанда, өткен жылдан бастап Семей қаласында, сондай-ақ, Аягөз, Шар, Ақтоғай, Жалаңашкөл, Дегелең, Үшбiк, Жарма, Белағаш және Ауыл елді мекендеріндегі 10 теміржол вокзалына реконструкция жұмыстары жүргізілуде.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар аталған жобаларды уақтылы өрі сапалы іске асыру, теміржол инфрақұрылымын одан өрі дамыту және өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру жөнінде уағдаласты.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Елімізде ұлтаралық келісім мен татулықты сақтау – қоғам дамуының басты қағидаларының бірі. Бүгінде жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Ежелден қонақжай, кеңпейіл қазақ халқы тарихтың қилы кезеңдерінде Қазақстан жеріне келген түрлі этнос өкілдеріне пана болып, оларды бауырына басты.

Ай-Керім ЖАҚЫП,
«Semei tanu»



Қазіргі таңда әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Өңірімізде 43 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Олардың белсенді қатысуының нәтижесінде аймақта Масленица, Наурыз мейрамы, Неміс егін жинау мерекесі сияқты көптеген мәдени іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып келеді. Бұл шаралар халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етуде.

Облыстағы көп ұлтты аудандардың бірі – Бесқарағай ауданы. Мұнда 17 мыңға жуық халық, 28 ұлт пен ұлыстың өкілі бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп келеді. Этностардың мәдениетін дамытып, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға аудандық Достық үйі үлес қосып отыр.

«Достық үйінің негізгі мақсаты – конфессияаралық және ұлтаралық тұрақтылықты сақтау, бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайту. Бізде қазақ, башқұрт-татар мәдени орталығы, славян және неміс этномәдени бірлестіктері жұмыс істейді. Сонымен қатар Аналар кеңесі мен Ақсақалдар кеңесі де қоғамдық келісімді дамытуға белсене атсалысады. Жастардың белсенділігі де жоғары. «Достар» жастар клубы түрлі этностардың мәдениеті мен салт-дәстүрін насихаттап, өзара құрмет пен достықты дәріптеп келеді. Сонымен қатар Достық үйі жанында медиация кабинеті жұмыс істейді. Мұнда 10 кәсіби емес медиатор тіркеліп, тұрмыстық және әлеуметтік дауларды бейбіт жолмен шешуге ықпал етуде», - дейді Бесқарағай аудандық Достық үйінің директоры Ирина Калтаева.

Ұлтаралық бірлікті нығайтуға мақсат еткен Достық үйі мерекелік іс-шараларға ұйыстырылып, халықтардың мәдениетін насихаттауға, бейбітшілікті нығайтуға атсалысады. Ауданда Наурыз мейрамы, Масленица, Сабантуй, Құрбан айт сияқты ұлттық мерекелері кеңінен атап өтіледі.

Достық үйінің күнтізбесіне енген маңызды мерекелердің бірі – Қазақстан халқының бірлігі күні және Алғыс айту күні.

«1 мамыр – еліміздегі барлық этностардың татулығы мен достығын айшықтайтын ерекше мереке. Қазақстандағы бірлік пен өзара құрмет – мемлекетіміздің ең үлкен құндылығы. Бесқарағай ауданының Достық үйі ұлтаралық келісімді нығайту бағытындағы жұмысын жалғастыра береді. Бірлігіміз бекем, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!» - дейді Ирина Калтаева.

Осылайша этномәдени бірлестік мүшелері ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, татулық пен бірлікті нығайтуға өз үлестерін қосуда. Халық даналығындағы «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген сөз – осының айқын дәлелі.

- Сейілбек Абиұрұлы, тарихқа көз жіберсек, дін мен мемлекеттің арақатынасы қай кезеңде болмасын өзекті мәселе болған. Елімізде дін мен мемлекет қатынасы қалай реттеледі? Бүгінде өңірдегі діни ахуал қалай?

- Қазақстанда дін мен мемлекет арасындағы қатынас тарихи даму жолынан өтіп, қоғам өмірінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан, зайырлы мемлекет ретінде, дін мен мемлекеттің арақатынасын жаңа деңгейде қалыптастырды. Елімізде дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас, негізінен, Конституция арқылы реттеледі. Конституцияға сәйкес, мемлекет діннен бөлінген, алайда діни бірлестіктер мен ұйымдар мемлекеттен тәуелсіз болмайды. 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданып, діни ұйымдардың қызметі құқықтық негізде жүйеленді.

Қазіргі таңда дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас қоғамдық тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қорғауға бағытталған. Сонымен қатар діни экстремизмнің алдын алу және зайырлылық қағидадан сақтау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып отыр.

Ал өңірдегі діни ахуалға келсек, жағдай тұрақты деп айта аламыз. Қоғамда діни негіздегі шиеленістер тіркелген жоқ. Бүгінгі күні Абай облысы бойынша 7 конфессиядан құралған 180 діни бірлестік, оның ішінде 146 мұсылман, 12 православие, 5 католик, 17 протестанттық бірлестік тіркелген. Олардың барлығымен өзара іс-қимыл жүйелі жолға қойылған. Конфессияаралық келісімді нығайту бағытындағы іс-шаралар кешіні мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, өңірде діни бірлестіктер басшыларының қатысуымен тоқсан сайын арнайы клуб отырыстары ұйымдастырылып, дін саласындағы өзекті мәселелер талқыланады. Сонымен қатар, мемлекеттік мерекелер аясында діни бірлестіктер арасында түрлі спорттық іс-шаралар өткізіліп, Абай облысының мәдени-тарихи орындарына экскурсиялар ұйымдастырылады. Жыл сайын 18 қазанда Рухани келісім күніне орай облыстық форум өткізу де дәстүрге айналған. Бұдан бөлек, өңірдегі діни бірлестіктердің басшылары мен өкілдері «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында сенбіліктерге белсенді қатысып, елді мекендерді абаттандыру жұмыстарына өз үлестерін қосуда. Жалпы, аталған іс-шаралар түрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет пен түсіністікті арттырып, қоғамдағы бірлік пен тұрақтылықты нығайтуға оң ықпал етуде.

- Қазіргі күні дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында басқарма тарапынан қандай жұмыстарға басымдық беріледі? Осы туралы толығырақ айтып өтсеңіз...

- Бұл саладағы жұмыс бірнеше маңызды бағытты қамтиды. Ең алды-

Ел болашағы – білімді, саналы әрі отаншыл жастардың қолында. Ғылым мен қоғамдық құндылықтарды қатар ұстанып, ел бірлігі мен татулықты дәріптеп жүрген осындай жастардың бірі – Мадияр Насыров.

ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕП, ТАТУЛЫҚТЫ НАСИХАТТАҒАН ТАЛАНТТЫ ЖАС

Ол 2000 жылы Семей қаласында дүниеге келген. 2018 жылы қаладағы №31 мектептің қазақ сыныбын тәмамдап, Шәкәрім университетінің тарих мамандығына оқуға түседі. Бүгінде ол – осы оқу орнының магистратурасында білімін жалғастырып жүрген жас ғалым, сонымен қатар университеттің «Тарих және археология» ғылыми орталығында ғылыми қызметкер болып еңбек етеді.

Жас зерттеуші өзінің ізденімпаздығы мен ғылымға деген құштарлығының арқасында бірқатар маңызды зерттеу мақалаларын жариялап үлгерді. Оның «XVII ғасырдағы қолжазбаның табылуы», «Семей қаласындағы ескі мұсылман қорымы», «Тоқмұхаммет Алтынорұлының тұлғасы: эпитафия және қолжазба мәтіндері», «Қайым Мұхамедханов зерттеген Каюм Насырлы туралы» секілді ғылыми еңбектері өлке тарихын зерделеуге қосылған сүбелі үлес деуге болады.

Ғылым жолындағы ізденісімен қатар Мадияр Ғазинұрұлы қоғамдық келісім мен ел бірлігі мәселесіне де бейжай қарамайды. Оның пайымынша, жастар арасында татулық пен достықты нығайту – елдің тұрақты дамуының маңызды алғышарты.

– Университетте түрлі этнос өкілдері білім алады. Сондықтан өзара сыйластық пен достық атмосфера-сын қалыптастыру – баршамызға ортақ міндет. Мемлекеттің болашағы жастардың қолында болғандықтан, біз елдегі этносаралық келісімді нығайтып, біртұтас халық ретінде патриоттық сезімді дамытуымыз керек. Татулық пен қоғамдық келісім құндылықтарын сақтау арқылы біз елдің тұрақты дамуына үлкен үлес қосаламыз. Бірлік бар жерде даму бар, тұрақтылық бар жерде болашақ бар, дейді жас зерттеуші.

Шынында да, қазіргі жаһандану дәуірінде әлемдегі геосаяси ахуал күрделеніп отырған шақта ел ішіндегі татулық пен тұрақтылықтың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Ақпарат ағыны күшейген сайын қоғам ішіндегі келісім мен бірлікті сақтау – мемлекеттің берік дамуының негізіне айналады.

Шәкәрім университеті – еліміздің



шығыс өңіріндегі іргелі білім ордаларының бірі. Мұнда еліміздің әр өңірінен ғана емес, шетелден де студенттер келіп білім алады. Мұндай орта жастар арасындағы мәдени байланыстарды нығайтып, тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік береді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері этносаралық келісім мен тұрақтылықты сақтауда әлемге үлгі болып келеді. Осы жетістікті жалғастыруда жастардың рөлі ерекше. Жас тарихшы бұл бағытта жастарды отаншылдыққа тәрбиелеудің маңызы ерекше дейді.

– Қазақстан – әлемдік аренада өзіндік орны бар мемлекет. Сондықтан елімізде өмір сүретін барлық этнос өкілдерінің татулық пен келісімде өмір сүруі аса маңызды. Біздің халық – бір мақсатқа, бір мүддеге қызмет ететін біртұтас халық. Мемлекеттік тұрақтылықтың негізі де – осында.

Мадиярдың ойынша, татулық пен келісім ең алдымен әр адамның өзінен басталады. Адамдар бір-біріне құрметпен қарап, мейірім мен жанашырлық танытқанда ғана қоғамда шынайы келісім орнайды. Ол бұл ойын Абайдың гуманистік қағидасымен байланыстырады:

– Ең бірінші құндылық – Абай айт-

қан «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ұстаным. Адамдарды жақсы көру, қайырымдылыққа ұмтылу, жақсылық жасау – қоғамды біріктіретін ең басты күш, - дейді.

Мадияр Насыровтың негізгі зерттеу бағыттары – XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Семей өңіріндегі қоғамдық өмір мен білім беру тарихы. Ол өлкетану саласында да жүйелі зерттеулер жүргізіп келеді. Әсіресе, Семейдегі Ескі мұсылман қорымын зерттеу бағытындағы еңбегі ерекше назар аудартады. 2023 жылы ол аталған қорымнан Абай заманында медреседі ұстаз болған Риза хазіреттің (Риза-ат-Дин ибн Уәлид) қабір тасын анықтап, ғылыми зерттеу жұмыстарын бастаған. Мақсаты – ұмыт болған есімдер мен белгісіз қалған қоғам қайраткерлерінің болмысы мен мұрасын елге таныстыру, оларды ғылыми ортаға жеткізу. Сонымен қатар, Семейдегі Ескі мұсылман қорымын жергілікті маңызы бар тарихи ескерткіштер қатарына енгізу бағытында еңбек етуде.

Ғылыми ізденіспен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып жүрген жас маман Абай облысы қоғамдық кеңесінің мүшесі, сондай-ақ «Мирас» этномәдени татар балалары мен жасөспірімдер ұйымының төрағасы ретінде ұлттар арасындағы достықты нығайтуға өз үлесін қосып келеді.

Қазақ, татар, орыс және түрік тілдерін еркін меңгерген Мадияр Насыров – білім мен парасатты, ғылым мен қоғамдық жауапкершілікті қатар алып жүрген талантты жас. Ол университетте сәуір айында өткен Ғылым онкүндігінің қорытындысында 2025–2026 оқу жылындағы жоғары оқу үлгерімі мен ғылыми белсенділігі үшін «Үздік магистрант» атады. Бұл жетістік табанды еңбектің, ғылымға деген шынайы қызығушылықтың және үздіксіз ізденістің жемісі екені анық.

Осындай саналы, ізденімпаз әрі ел болашағына бейжай қарамайтын жастар барда мемлекетіміздің іргесі берік, келешегі кемел болатын сөзсіз. Өйткені елдің ертеңі – ғылымға адал, бірлікке берік жастардың қолында.

Күлия РАЙЫС,
Семей қаласы

Сейілбек ЫСҚАҚОВ:

Қоғамдағы тұрақтылық пен келісім – кез келген мемлекеттің орнықты дамуының басты кепілі. Бұл ретте дін саласындағы зор байыпты саясат пен конфессияаралық келісімнің маңызы әлемдік деңгейде мойындалған. Әр түрлі этнос пен діни өкілдерінің бейбіт өмір сүруі – жүйелі жүргізілген саясаттың нәтижесі. Алайда қазіргі жаһандану дәуірінде бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жетілдіру, діни сауаттылықты арттыру және радикалды көзқарастардың алдын алу маңызды болып отыр. Осы міндеттерді жүзеге асыру жолында өңірде нақты қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Жат ағымдарға қарсы күрес қалай жүреді? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде облыстық Дін істері басқармасының басшысы Сейілбек Абиұрұлымен аз-кем сұхбаттасқан едік.



«ӨҢІРДЕ ДІНИ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ!»

мен, қоғамда зайырлылық қағида тартын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Сонымен қатар діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу, сондай-ақ халықтың, әсіресе жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру негізгі басымдықтардың қатарында. Қазіргі күні облыс көлемінде 13 ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істеуде. Оның ішінде біреуі облыстық, екеуі қалалық, 10 аудандық деңгейде. Түсіндіру топтары тұрғындармен, мемлекеттік конфессияаралық қатынастар негіздерін түсіндіру, діни экстремизмнің алдын алу, облыста құқықтық және діни сауаттылықты арттыру мақсатында кездесулер жүргізеді.

Деструктивті діни идеологияның алдын алу мақсатында мақсатты топтармен жеке жұмыстар да жүргізілуде.

Қазіргі таңда дін саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі – интернет кеңістігінде жалған уағызшылардың және өзін «ұстаз» ретінде таныстыратын адамдардың көбеюі. Олардың көпшілігінде тиісті діни білім де, ресми рұқсат та жоқ. Соған қарамастан, әлеуметтік желілер арқылы өз аудиториясын қалыптастырып, бұрмаланған немесе шынайы діни қағидаларға сай келмейтін ақпарат таратып жатады. Мұндай жағдайлар әсіресе жастар арасында дінге қатысты қате түсініктердің қалыптасуына әкелуде. Бұл тіпті радикалды идеялардың таралуына, қоғам ішінде алауыздықтың туындауына себеп болуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі күні басты міндеттердің бірі – халықтың, әсіресе жастардың діни сауаттылығын арттыру. Осы орайда мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында тұрақты түрде кездесулер, дәрістер және ашық диалог алаңдары ұйымдастырылуда. Бұл іс-шараларда басқармаға қарасты Дін мәселелерін зерттеу орталығының білікті мамандары мен дінтанушылар жастарға діннің шынайы құндылықтарын түсіндіріп, радикалды идеологиялардың қауіптілігін жеткізеді. Сонымен қатар жергілікті ақпараттық-түсіндіру топтары аудан-қалаларды аралап, түрлі мақсатты аудиториялармен кездесулер өткізуде.

- Жалған уағызшылар халықтың сеніміне қалай ие болады?

- Жалған діни ақпараттың таралуы қоғам үшін аса қауіпті. Мұндай контенттер азаматтардың, әсіресе жастардың діни санасына кері әсер етіп, шынайы діни құндылықтарды бұрмалауға, радикалды көзқарастардың қалыптасуына алып келуі мүмкін. Жалған уағызшылар мен күмәнді діни парақшалар көбінесе эмоцияға әсер ету, жалған дәлелдер келтіру арқылы аудиторияны өзіне тартуға тырысады. Бұл, өз кезегінде, қоғамда алауыздық туындайтып, ұлттық және рухани бірлікке нұқсан келтіруі ықтимал. Кез келген деструктивті ағымдардың мақсаты – билік пен ақша және мемлекеттің ішкі құрылысын бұзу. Мемлекеттің ішкі құрылысын бұзу арқылы топты басқарушылар билікке келуді көздейді.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің ықпалы артып отырғаны белгілі. Дінге қызығушылығы пайда болған адам, алдымен, ақпаратты интернеттен іздейді. Ал интернетте ақпарат өте көп, сауаты жоқ адам дұрыс-бұрысын ажырата алмай, адасқан топтарға еріп кетуі мүмкін. Сондықтан біздің мамандар әлеуметтік желілердегі топтарға мониторинг жүргізіп отырады, егер күдік тудыратын жағдайлар байқалса, оларды бұғаттайды. Сонымен қатар ресми әрі сенімді ақпарат көздері мен басқарманың әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы еліміздің зайырлы қоғам қағидаларын, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, діни радикализм мен экстремизмнің белгілері және олардың алдын алу жолдары жөнінде сапалы контент тұрақты түрде жарияланып келеді. Мамандарымыз теологтер мен дінтанушыларды, сарапшыларды, өңірдің беделді тұлғаларын подкаст алаңына шақырып сұхбаттар өткізіп, азаматтардың сұрақтарына жауап береді. Басты мақсат – халықтың, әсіресе жастардың медиасауаттылығын және діни сауаттылығын арттыру, оларды жалған ақпараттан қорғана білу дағдыларын қалыптастыру.

- Жастардың діни ақпаратты саралау және сыни тұрғыда қабылдау деңгейін қалай бағалайсыз?

- Жалпы алғанда, жастар арасында діни сауаттылық деңгейі біртіндеп артып келеді деуге болады. Бұл – жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстардың нәтижесі. Дегенмен бұл бағыттағы жұмысты тоқтатуға болмайды. Себебі, айтып өткенімдей, қазіргі таңда интернет кеңістігіндегі ықпал өте жоғары. Осындай жағдайда кез келген ақпаратты саралап, дұрыс қорытынды жасай білуі үшін жастардың сыни ойлау қабілетін қалыптастыру ерекше маңызды.

- Елімізде дін мен мемлекет қарым-қатынасы Ата Заң арқылы реттелетінін айттыңыз. Жаңа Конституцияда бекітілген діннің мемлекеттен бөліну қағидаты жөнінде айттып өтсеңіз...

- 15 наурызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған жаңа Конституциямызда Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі қағидаты сақталып, діннің мемлекеттен бөлінгендігі нақты айқындалған. Бұл норма – елдегі қоғамдық тұрақтылықты, конфессияаралық келісімді және азаматтардың құқықтарын мен бостандықтарын қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі. Аталған қағидаға сәйкес, мемлекет ешбір дінді ресми немесе міндетті деп танымайды және барлық діни бірлестіктерге тең жағдай жасайды. Яғни, мемлекеттік саясат діни сенімге емес, заң үстемдігі мен азаматтардың теңдігіне негізделеді. Сонымен қатар діни бірлестіктердің қызметі заң аясында жүзеге асырылады және олар мемлекеттік билікке араласпайды. Бұл – дін мен мемлекеттің өзара тәуелсіздігін қамтамасыз ететін маңызды тетік. Өрбір азаматтың ар-ождан бостандығына кепілдік берілген. Яғни, еркім өз қалауыма дінді ұстануға немесе ұстанбауға ерікті және бұл құқық заңмен қорғалады. Жалпы алғанда, жаңа Конституциядағы бұл нормалар қоғамдағы дінаралық татулықты сақтауға, түрлі көзқарастарға құрметпен қарауға және елдегі тұрақтылықты ны-

ғайтуға бағытталған.

- Сөз орайында өңіріміздегі Дін мәселелерін зерттеу орталығының жұмысы жайында да айтып өтсеңіз...

- Дін істері басқармасына қарасты Дін мәселелерін зерттеу орталығының негізгі міндеті – діни сауаттылықты арттыру, конфессияаралық келісімді нығайту, қоғамда радикалды идеологияларға қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыру, сондай-ақ экстремизм мен терроризмге мүлдем тәзбеушілік мәдениетін орнықтыру болып табылады.

Орталық тарапынан тұрақты түрде әлеуметтік зерттеулер, мониторинг және талдау жұмыстары жүргізіліп, өңірдегі діни ахуалдың жалпы динамикасы бағаланады. Сондай-ақ тұрғындармен, соның ішінде жастармен ақпараттық-түсіндіру және жеке консультациялық жұмыстар атқарылады. Бұдан бөлек, орталық мамандары интернет кеңістігіндегі діни контентте мониторинг жүргізіп, жалған ақпарат пен деструктивті мазмұнның алдын алу бағытында тиісті ұсыныстар әзірлейді. Діни сауаттылықты арттыруға арналған материалдар дайындау және ақпараттық жұмысты ғылыми тұрғыдан сүйемелдеу де орталықтың маңызды бағыттарының бірі.

Орталық жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында оның базасында подкаст студиясы іске қосылды. Бұл студия діни мәселелер бойынша сапалы ақпараттық контент дайындауға, сарапшылардың, теологтардың және мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен сұхбаттар мен түсіндіру бағдарламаларын тұрақты түрде әзірлеуге мүмкіндік беріп, халықпен кері байланысты қушытуға бағытталған. Жалпы алғанда, Дін мәселелерін зерттеу орталығы өңірдегі діни тұрақтылықты қамтамасыз етуде, діни ахуалды бағалауға және алдын алу шараларының тиімділігін арттыруға елеулі үлес қосып келеді.

- Сөз соңында айтарыңыз...

- Айтып өткенімдей, кез келген ақпаратқа сын тұрғысынан қарау өте маңызды. Дін – терен білім мен жауапкершілікті қажет ететін сала, сондықтан асығыстық пен үстірт сөзқарас қателікке әкелуі мүмкін. Жастарға айтарым: зайырлы білім мен рухани тәрбиені қатар ұстану керек. Білім – өркениеттің негізі. Білімді, ой-өрісі кең, сыни ойлайтын азамат түрлі теріс идеологиялардың ықпалына түспейді. Жалпы алғанда, дұрыс ақпаратқа сүйену, сабырлық және жауапкершілік – дін мәселесінде де, өмірдің барлық саласында да басты ұстаным болуы тиіс.

Өр азамат елдің бейбіт дамуына жауапты екенін сезінуі қажет. Ал елдегі тұрақтылықтың негізгі кепілі – қоғамда өзара құрмет, толеранттылық және бірлік құндылықтарының сақталуы. Ортақ мүддені жоғары қоя білген қоғамда даму мен келісім салтанат құрады. Сондықтан өрбір азаматтың санасында жауапкершілік пен азаматтық ұстанымның айқын болуы ел болашағы үшін аса маңызды.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»



АҚСУАТ

**ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН
ТУРНИР ӨТТІ**

“AMANAT” партиясының “Ұлттық мұра” жобасы аясында меценат, облыстық мәслихат депутаты Қайырлы Қасеновтің демеушілігімен тоғызқұмалақтан Абай облысының жекелей турнирі өтті.

Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімі Еркін Ескендіров, “AMANAT” партиясы Абай облыстық филиалының бас инспекторы Майра Мұсаханқызы, Семей қаласынан келген спорт ардагері Мұрат Оқасов, осы турнирдің демеушісі Қайырлы Қасенов құттықтау сөз сөйледі.

Жарысқа Семей қаласы мен ауданның Ақсуат, Көктүбек, Ойшілік, Тана мырза, Үштөбе, Қызылкесік, Қарғыба, Екпін ауылдарынан жиыны 68 оқушы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен марапатталды.

АЯГӨЗ

**БАЙҚАУДЫҢ ІРІКТЕУ
КЕЗЕҢІ ӨТТІ**

Аягөз ауданында «Абай елі – өнер кеніші» облыстық көркемөнерпаздар байқауының іріктеу кезеңі өтті. Байқаудың басты мақсаты – өңірлердің шығармашылық әлеуетін танытып, ұлттық мәдени мұраны насихаттау.

Қозы Көрпеш – Баян сұлу мәдениет үйінде өткен шарада аудан өнерпаздары арнайы әзірлеген концерттік бағдарламаларын ұсынды.

Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін орындаушылық шеберлігі, сахна мәдениеті және көркемдік деңгейі бойынша бағалады. Іріктеу кезеңінен үздік шыққан өнерпаздар облыс орталығында өтетін гала-концертке жолдама алады.

**МИНИСТРДІҢ АЛҒЫС
ХАТЫН АЛДЫ**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі - авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов Ташкент қаласында өткен II Халықаралық «NURAY ART FEST» өнер байқауында жеңіске жеткен Аягөз гарнизоны әскери қызметшілерінің балаларынан құралған «Айгерім» би ұжымын және оның жетекшісін құттықтап, алғыс хат жолдады.

Өр елден 95 команда қатысқан байқауда 9-13 жас аралығындағы өрендер қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, бас жүлде мен супер бас жүлдені жеңіп алды.

«Айгерім» балалар би тобы мен оның жетекшісі Айгерім Омарбекқызына Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшылығы мен өңірлік және гарнизон басшылығы тарапынан да сый-сипаттар табыс-талды.

БОРОДУЛИХА

**АРДАГЕРЛЕР ҮЗДІКТЕР
ҚАТАРЫНДА**

Семей қаласында ардагер ұстаздар арасында II облыстық спартакиада өтті. Аталған жарыста облыстың өңірінен келген ардагерлер шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ және үстел теннисінен бақ сынады.

Жарыс қорытындысы бойынша, Бородулиха ауданының құрамасы жоғары нәтиже көрсетіп, жалпыкомандалық есепте үздіктер қатарынан орын алды. Жекелей сында да аудан ардагерлері жүлделі орындарға ие болды.

ЖАҢАСЕМЕЙ

**АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ
ЖАЛҒАСУДА**

Новобаженово ауылдық округінде көктемгі ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жалғасуда. Негізгі мақсат – ауыл шаруашылығы жануарлары арасында жұқпалы аурулардың таралуының алдын алып, эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Ветеринариялық мамандар ірі қара, ұсақ мал және жылқыға жоспарлы екпе салып, диагностикалық тексерулер мен профилактикалық өңдеу жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар мал иелеріне жануарларды күтіп-бағу және аурудың алдын алу жолдары түсіндірілуде.

Іс-шаралар барысында мал басы есепке алынып, ветеринариялық талаптарға сай тіркеу мен бақылау жұмыстары қатар атқарылуда.

**ҚАРЖЫ ТӘРТІБІ
БАСТЫ НАЗАРДА**

Жаңасемей ауданы әкімдігінде қаржы және есеп жүргізу мәселелеріне арналған дөңгелек үстел өтті. Жыын барысында бюджеттік тәртіпті жетілдіру, есеп жүргізу сапасын арттыру және бюджет қаражатын тиімді пайдалану жолдары талқыланды.

Кездесуде бухгалтерлік есеп, бюджеттік өтімдерді ұсыну қағидалары және мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру мәселелері бойынша заңнама талаптары таныстырылып, тәжірибеде кездесетін өзекті мәселелер талқыға салынды.

Іс-шараға облыстық қаржы басқармасының өкілдері қатысып, әдістемелік көмек көрсетті.

АҚСУАТ

ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Ақсуат ауданының Қызылкесік ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді. Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Берік Уәли, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері, сала ардагерлері қатысты.

«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ашылған жаңа нысан ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Өрт сөндіру бекетінде 1 өрт сөндіру көлігі, 1 жүргізуші және 2 қызметкер жұмыс істейді.

Бекет 2 тасымалды, 1 стационарлық және 1 мобильді радиостанциямен жабдықталған. Оның қызмет көрсету аймағына Қызыл кесік, Егіндібұлақ және Үштөбе ауылдары, сондай-ақ, 40-тан астам қыстақ (шаруа қожалықтары) кіреді. Жалпы алғанда, 736 тұрғын үй мен 2072 адам қамтылған.

Ауылдық округ аумағында өрт сөндіру қажеттіліктері үшін 35 өрт гидранты қарастырылған. Бекет қарауындағы аумақта дөрігерлік амбулатория, мектеп, балабақша және жергілікті атқарушы органдардың ғимараттары орналасқан.

Аймақ басшысы өрт сөндіру бекетінің ашылуы өңір халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды нысан екенін атап өтті.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде: «Сіздердің жұмыстарыңыз қауіп-қатерге толы әрі зор жауапкершілікті талап етеді. Мемлекет пен қоғам сіздердің антақ адалдықтарыңызды, қажырлы еңбектеріңізді жоғары бағалайды», – деп айрықша атап өткен болатын. Бұл – сіздердің еңбектеріңізге берілген жоғары баға әрі үлкен сенім. Осыған орай, Абай облысында азаматтық қорғау жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. 2023-2026 жылдар аралығында облыстық бюджеттен 3 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп, материалдық-техникалық база айтарлықтай нығайтылды. Соның нәтижесінде заманауи, аса қажетті техникалар сатып алынды. Бүгін ашылып отырған Қызылкесік ауылындағы өрт сөндіру бекеті – осындай жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі. Заманауи талаптарға сай салынған бұл нысан өрт сөндіру техникасын, құрал-жабдықтар-



ды және жеке құрамды орналастыруға толық мүмкіндік береді. Бекет қажетті техникамен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген, – деді Берік Уәли.

Шара барысында Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов «НС-ЕРТАП» ЖШС директоры Ернар Набиоллаевты азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін төсбелгісімен, Ақсуат ауданы №11 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіру автокөліктері жүргізуші-қызметкері Серікжан Әміров министрліктің грамотасымен марапаттады. Сондай-ақ Ақсуат ауданы №11 өрт сөнді-

ру бөлімінің қарауыл бастығы Нұрболат Ербаев пен Қызылкесік ауылдық округінің әкімі Әділбек Қабдоловқа облыс әкімінің алғыс хаты табысталды.

Жалпы, облыс бойынша 326 елді мекен бар. Оның ішінде 90-ы мемлекеттік өртке қарсы қызметтің ал 170-і «Ауыл құтқарушылары» бекеттерінің қорғауында. Қазіргі таңда өңірде аталған бағдарлама аясында 75 бекет жұмыс істейді. Биыл жыл соңына дейін қосымша 12 бекет ашу жоспарланып отыр.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ӨНЕР МЕКТЕБІ – ТАЛАНТТАР ОРДАСЫ

Биыл Ақсуат балалар өнер мектебінің негізі қаланғанына 10 жыл толды. Осы уақыт аралығында өнер ордасы талай жас таланттың тұсауын кесіп, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға зор үлес қосты.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tañu»

Бүгінгі таңда мектепте көркемөнер, хореография және киімді үлгілеу бөлімдері жұмыс істейді. Оқушылар сурет салу, қолөнер бұйымдарын жасау, түрлі жанрдағы би өнерін және заманауи киім үлгілерін әзірлеу дағдыларын меңгеруде. Мектеп тәрбиеленушілері республикалық және халықаралық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, өңір мерейін өсіріп жүр.

Жуырда өнер мектебі Ақсуат мәдениеті үйінде он жылдық мерейтойына орай есептік концерт берді. Бұл көш аудан мәдениетінің дамуына үлес қосып келе жатқан өнер мектебінің шығармашылық жетістіктерін паш еткен маңызды мәдени шара болды. Сахна төрінде мектеп ұстаздары мен дарынды шәкірттері өнер көрсетіп, көрермендерді әсем әуен мен шынайы шығармашылық әлеміне жетеледі.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Т.Мәселов пен аудандық білім бөлімінің басшысы А.Қыдырмолдин мектеп ұжымы мен шәкірттерге жылы лебіздерін жеткізіп, өнер саласын дамытуға үлес қосып жүрген мектеп қызметкерлері мен дарынды оқушыларға марапаттар табыстады.

Аудан әкімінің орынбасары Т.Мәселов өз сөзінде мемлекет тарапынан балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту үшін барлық жағдай жасалып отырғанын атап өтті.

Шығармашылық көш көрермендерге ұмытылмас әсер сыйлап, аудан мәдениетінің жарқын болашағына деген сенімді одан әрі нығайта түсті.

Ақсуат балалар өнер мектебінің 10 жылдық белесі – өңір мәдениеті үшін айтулы оқиға. Алдағы уақытта да өнер ордасы дарынды өрендердің қанатын қатаятып, жолын аша-ры сөзсіз.

Есептік концерт алдында қолөнер, қылқалам туындыларының көрмесі өтті.

АЯГӨЗ

«БІЛІМДІ КӨШБАСШЫ – ТАБЫСТЫ МЕКТЕП КЕПІЛІ»

Аягөз ауданында білім саласындағы басқарушы лауазымдағы жас мамандар мен директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған ауқымды инновациялық семинар-практикум өтті. Аудандық білім бөлімінің бағрлаушына, «Білімді көшбасшы – табысты мектеп кепілі» тақырыбындағы бұл іс-шара қазіргі білім беру жүйесіндегі жас көшбасшылардың кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталды.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tañu»

Семинардың басты мақсаты жас көшбасшылардың soft skills және hard skills дағдыларын жетілдіру, кәсіби ортада тиімді нетворкинг орнату және тәжірибе алмасудың жаңа үлгілерін қалыптастыру болды. Іс-шара мазмұны заманауи білім беру талаптарына сай құрылып, қатысушыларға нақты тәжірибелік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік берді.

Семинар барысында білім сапасын арттыру, көшбасшылық қабілеттерді дамыту жолдары жан-жақты талқыланды. Семинардың үйлестірушісі, әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж. Маликова білім сапасын арттырудағы нормативтік құжаттардың маңызына тоқталса, білім бөлімінің басшысы Н. Азимбаев көшбасшылық қасиеттерді дамыту жолдарымен таныстырды. Ал «Тиімді басшы – сапалы мемлекеттік қызмет: білім беру ұйымындағы жаңа көзқарас» тақырыбында баяндама жасаған білім бөлімінің бас маманы Р. Даниярова тиімді басқару моделінің білім беру ұйымдары үшін өзектілігін нақты мысалдар арқылы түсіндірді.

Іс-шараның басты ерекшелігі оның тәжірибелік бағытта ұйымдастырылуында болды. Семинар барысында «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» кадрлық резервінің мүшелері өз тәжірибелерін бөлісіп, шеберлік сыныптарын өткізді. Бұл жас басқарушыларға нақты тәжірибелік мысалдар арқылы білімін жетілдіруге мүмкіндік берді. Сондай-ақ кейс-стади форматында директордың

ЖАРМА

ЖАСТАРҒА ОЙ САЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ

«Дариға-ай» жастар театры гастрольдік сапармен Жарма ауданында болып, көрермен назарына тағылымға терең қойылым ұсынды. Театр ұжымы Шар қаласындағы және Қалбатау ауылындағы мәдениет ошақтарында өнер көрсетіп, жергілікті тұрғындардың ыстық ықыласына бөленді.

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tañu»

Театр өртістері ақын Мерей Қарттың «Белгісіз бағыт» спектаклін сахналады. Жастар тәрбиесі, өмірлік жолды таңдау, адасудан сақтану және саналы шешім қабылдау - қойылымға арқау болған тақырыптар осы. Бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғаған көркем туынды көрерменге ой салғаны анық. Актерлердің шынайы ойыны мен әсерлі сахналық шешімдері залдағы жұртшылыққа ерекше әсер сыйлады.

Көрермендер қойылымның тәрбиелік мәніне жоғары баға беріп, спектакльдің негізгі идеясы мен актерлердің тамаша ойынынан ерекше әсер алғандарын жеткізді. Жастармен қатар, аға буын өкілдері де спектакльдің мазмұнынан маңызды ой түйгендерін атап өтті.

Аталған мәдени жоба облыс әкімі Берік Уәлиұлының бастамасымен жүзеге асуда. Басты мақсат – өңір жастарына дұрыс бағыт-бағдар беріп, рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайту.

«Дариға-ай» жастар театрының аудандарға гастрольдік сапары – қоғамдағы өзекті мәселелерді көтерген тәрбиелік маңызы зор мәдени жоба. Осындай шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңір тұрғындарына рухани серпін бермек.



АБАЙ

ҚОЛЖЕТИМДІ БАҒА, МОЛ ӨНІМ

Абай ауданының орталығында кезекті ауылшаруашылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Тұрғындарды әлеуметтік жағынан қолдау, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен тұрақты түрде қамтамасыз ету және бағаны тұрақтандыру мақсатында ауданның ауылшаруашылық, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі мен ауылдық округ әкімдіктерінің ұйытқы болуымен өткен жәрмеңкеге ет және түрлі азық-түлік көп мөлшерде жеткізілді.

Қолжетімді бағадағы сапасы жоғары, табиғи тауарларға сұраныс та жоғары. Бұл күнгі жәрмеңкеде сиыр еті 3000 теңгеден, ал тауық жұмыртқасы 55 теңгеден сатылды. Сонымен қатар саудаға шығарылған Бородулиха ауданының табиғи балы, сүт өнімдері, тауық еті және түрлі шұжық өнімдерінің бағасы да базардан арзан болды.

Жалпы, жәрмеңкеде 150 келі сиыр еті, 35 келі сары май, 215 келі сүт өнімдері, 200 келі тауық еті, 5400 дана жұмыртқа, 300 келі шұжық өнімдері және 200 келі бал сатылды. Бұдан бөлек, 2 тонна 530 келі картоп, сәбіз, қырыққабат сынды көкөніс өнімдері, 280 түп алма, өрік, алмұрт ағаштарының көшеттері тұрғындарға ұсынылды. Сондай-ақ жеке тұрғын үйлерге арналған қоқыс контейнерлері мен тұрмысқа



қажетті өзге де тауарлар жәрмеңке көрігін қыздырды.

Мұндай игі шара аудан халқының әлеуметтік жағдайын жақсартуға, жергілікті кәсіпкерлердің өнімдерін тиімді өткізуге үлкен мүмкіндік беріп отыр. Әсіресе өз өнімдерін қолжетімді бағамен ұсынып, тұрғындарға қолдау көрсеткен кәсіпкерлердің еңбегі ерекше атап өтуге тұрарлық.

Жәрмеңкені ұйымдастырушылар «SEMEI QUS», «ШЫҒЫС БРОЙЛЕР» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен «Семей» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының басшыларына, сондай-ақ «Бышковская», «Полтавец» және «Байқадамова» жеке кәсіпкерліктерінің жетекшілеріне, «Мереке» сауда орталығының басшылығына және ауданымыздың жеке кәсіпкерлеріне ризашылық білдірді. Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі жоғары деңгейде өтті. Кәсіпкер де разы, қалаған азық-түлігін алып, сөмкесін толтырып қайтқан тұрғындардың да көңілі жай.

Алуа БЕРІКБОЛОВА,
Абай аудандық ішкі саясат,
мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімінің бас маманы

БЕСҚАРАҒАЙ

АЛҒАШҚЫ ТОҚСАН – ОҢ НӘТИЖЕЛЕР

Бесқарағай ауданына қарасты Малая Владимировка ауылдық округі биылғы жылдың бірінші тоқсанын оң көрсеткіштермен қорытындылады. 2023 жылдан бері округ тізгінін ұстап келе жатқан тәжірибелі әкім Салтанат Асылханованың басшылығымен ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа деңгейге көтерілді.



Округтің жалпы аумағы шамамен 50 мың гектарды құрайды. Оның 35 мың гектары ауыл шаруашылығына тиесілі. 10 мың гектардан астам егістік алқап пен 19 мың гектар жайылымдық жер ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға, шаруашылықтарды дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Округ аумағында «Семей орманының» Бекебаев филиалына қарасты Ромаданов және Шадрухин орманшылықтарының орналасуы ауылдардың экологиялық ахуалына игі ықпал етеді.

Бүгінде Малая Владимировка мен Бозтал ауылдарында 900-ден астам тұрғын (қазақ, орыс, неміс, татар және тағы басқа ұлт өкілдері) тату-тәтті ғұмыр кешуде. Экономикалық белсенді тұрғындардың жартысынан астамы тұ-

рақты жұмыспен қамтылған.

Әлеуметтік қолдау мәселесі де басты назарда. Округтегі 221 зейнеткер мен 32 мүмкіндігі шектеулі жаңға қажетті жағдай жасалған. Көп балалы отбасылар, 18 ана - «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері ауылдың демографиялық өсіміне үлес қосып отыр.

Ауылдардың инфрақұрылымы заман талабына сай жаңғыруда. Округ халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылған. Соған қарамастан, Малая Владимировка ауылында су құбыры желілерін қайта құру жұмыстары жалғасуда, бұл алдағы уақытта қызмет сапасын одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді.

Жол мен жарық мәселесінде де ілгерілеу бар. Жалпы ұзындығы 26 шақырымды құрайтын кентішілік жолдар ретке келтірілген. Малая Владимировка ауылындағы 18 көшенің жартысында, ал Бозтал ауылындағы 2 көшеде заманауи жарық шамдар орнатылған.

Ауылдардағы тазалық мәселесі де ерекше назарда. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жыл басынан бері округ аумағынан 20 тонна қоқыс шығарылды. Дәстүрге айналған «Таза жұма» акциясының да ауылдарды көгалдандыру мен көркейтуде үлесі зор.

Округтің экономикалық өлеуеті де жыл сайын артып келеді. Бүгінде мұнда 33 шаруа қожалығы, 3 жауапкершілігі шектеулі серіктестік және 29 жеке кәсіпкер тіркелген. Сонымен қатар «Балапан» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі де өз қызметін табысты жүргізуде. Халыққа қызмет көрсету саласында 8 сауда нүктесі мен 1 кафе жұмыс істеп тұр.

Мал шаруашылығы да тұрақты дамып келеді. Қазіргі таңда округте 3192 бас ірі қара, 4124 бас ұсақ мал, 874 жылқы және 6704 құс өсірілуде. Бұл ауыл тұрғындарының еңбегі нәтижесіз емес екенін көрсетеді.

Білім беру саласында да оң көрсеткіштер бар. Малая Владимировка орта мектебі мен Бозтал негізгі мектебінде 170 оқушы білім алуда. Екі білім ордасы да жоғары жылдамдықтағы интернетке қосылған. Ең маңызды жетістік – мектепке дейінгі тәрбиелеу қамту деңгейі 100 пайызды құрайды.

Халықтың денсаулығы да басты назарда. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында округте 2 сәби дүниеге келді. Ана өлімі тіркелген жоқ.

Тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге де жағдай жасалған. Малая Владимировка ауылында күрес залы, футбол алаңы мен балалар ойын алаңы жұмыс істейді. Ал Бозтал ауылында шағын футбол алаңы мен заманауи «Workout» спорттық кешені жастардың игілігіне жұмыс істеп тұр. Екі ауылда да ауылдық клубтар мәдени қызмет көрсетуде.

Алдағы уақытта округте абаттандыру жұмыстары жалғасын табады. Соның ішінде көшелерді жарықтандыру басты назарда. Бұл мақсатқа 17,4 млн теңгеге жуық қаражат бөлініп отыр.

Осылайша, Малая Владимировка ауылдық округі алғашқы тоқсанды табысты қорытындылап отыр. Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру және тұрақты дамуы қамтамасыз ету.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

БОРОДУЛИХА

ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТТА ТОП ЖАРДЫ

Бородулиха колледжінің үшінші курс студенті Святослав Боровиков «AgroSkills Abai - 2026» IV облыстық кәсіби шеберлік чемпионатында «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» құзыреттілігі бойынша жеңімпаз атанды.

Алтын жүлде – айлар бойғы тынымсыз дайындықтың нәтижесі. Мұндай жетістік үздіксіз ізденіс, өндірістік тәжірибе мен дала төсіндегі қажырлы еңбектің арқасында келеді.

AGROSKILLS – болашақ аграрлық сала мамандарының кәсіби дағдылары сыналатын, тәжірибе алмасатын маңызды алаң. Мұнда қатысушылардың техникамен жұмыс істеу шеберлігі, жедел шешім қабылдау қабілеті және көз келген жағдайда дұрыс бағдар ала білу қабілеті бағаланады. Ауылда білім алып жатқан студенттің облыстық деңгейдегі сайыста топ жаруы – колледждегі білім сапасының жоғары деңгейін айқын көрсетеді.

Өрине, Святославтың бұл жетістігінде өндірістік оқыту шебері Асқар Мақажановтың қосқан үлесі зор. Себебі әрбір табыстың артында шөкіртке бағыт-бағдар беріп, кәсіби шеберлігін шыңдайтын тәлімгердің еңбегі тұрады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің беріктігі де осындай «шебер – студент» байланысына негізделген.

Бүгінде ауыл шаруашылығын механикаландыру саласы жаңа деңгейге көтерілді. Заманауи техника мен жоғары технологиялар дәуірінде білікті мамандардың маңызы арта түсті. Сондықтан білімді жастар елдің өртені ұш аса қажет.

Святославтың жеңісі – жұмысшы мамандығына бет бұрған жастардың жаңа буыны қалыптасып келе жатқанын айқын көрсетеді. Ауылдан шыққан жастың облыс деңгейдегі сайыста үздік атануы – оның үлкен өлеуетінің белгісі. Бұл ел дамуына үлес қосатын азаматтардың бер екеніне сенім ұялатады.

Осындай жарқын жеңістеріміз қоғамға серпін беріп, алға ұмтылуға жігерлендіреді. Мұндай жетістіктер көбейе берсін! Бұл ел дамуына үлес қосатын білімді жастардың бар екеніне сенім ұялатады.

ҮРЖАР

ИНТЕРНЕТ - АЛАЯҚҚА АЛДАНБАҢЫЗ!

Қазіргі таңда интернет өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Ақпарат алмасу, қарым-қатынас, сауда-саттық және мемлекеттік қызметтерді онлайн орындау мүмкіндігі уақытты үнемдеп, жұмыс тиімділігін арттырады. Дегенмен цифрлық кеңістіктің дамуы жаңа қауіптерді де ала келді. Солардың бірі – интернет-алаяқтық.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Үржар аудандық полиция бөлімінің көші-қон қызметі бөлімшесінің қызметкерлері осы қылмыстың алдын алу, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында тұрғындар арасында тұрақты түрде құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруда. Сондай шаралардың бірі Халыққа қызмет көрсету орталығында өтуде. Іс-шара барысында құқық қорғау органдары қызметкерлері интернет арқылы жасалатын қылмыстардың кең таралған түрлеріне нақты мысалдар келтіріп, азаматтарға алаяқтардың жиі қолданатын әдіс-тәсілдері жан-жақты түсіндірілуде. Аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің айтуынша, әсіресе жалған несие рәсімдеу, онлайн саудадағы алаяқтық және фишингтік шабуылдар жиілеп отыр.

Мұндай алдын алу шаралары тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, интернет алаяқтықтың құрбаны болу қаупін



азайтуға мүмкіндік береді. Түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады. Жалпы, өткен жылы облысымызда 1 695 алаяқтық фактісі тіркелсе, оның 1 364-і интернет арқылы жасалған. Ал Үржар ауданында 2024

жылы 32 интернет алаяқтық дерегі тіркелсе, өткен жылы 17 жағдай орын алған. Биыл жыл басынан бері 6 азамат интернет алаяқтардың құрбаны болды.

Қаскөйлер көбінесе өздерін банк немесе мемлекеттік орган қызметкері ретінде таныстырып, психологиялық қысым арқылы азаматтарды ақша аударуға немесе жеке деректерін беруге мәжбүрлейді. Олардың айла-тәсілдері жыл сайын күрделеніп, сенімді сипатқа ие болуда. Олар азаматтарға хат, SMS-хабарлама, телефон қоңырауы және әлеуметтік желілер арқылы шығады.

Сондықтан полиция азаматтарды сабырлы әрі сақ болуға, күмәнді ақпаратқа сенбеуге шақырады. Интернеттегі әрбір белгісіз хабарлама немесе қоңырау жеке деректеріңіз қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін.

Күдікті байланыстардан сақтанып, ақпаратты тек ресми дереккөздерден тексеру – қаржы мен жеке мәліметтеріңізді қорғаудың ең тиімді жолы. Күмәнді жағдай туындаған жағдайда, дереу құқық қорғау органдарына жүгіну қажет.



ЖАРМА

ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА 40 ЖЫЛ

Қалбатау ауылында Чернобыль апатының 40 жылдығына арналған еске алу шарасы өтті. Даңқ аллесаына жиналғандар гүл шоқтарын қойып, қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Іс-шара аудандық Мәдениет сарайында жалғасты. Жиында сөз сөйлеген аудан әкімінің апараты басшысы Қ.Шаймуратов апат салдарын жоюға қатысқан азаматтардың ерлігі ешқашан ұмытылмайтынын, өскелең ұрпақ үшін әрдайым үлгі болып қала беретінін атап өтті.

Жиында апат салдарын жоюға қатысқан азаматтардың құрметіне әсем әндер шырқалды.

Еске сала кетсек, Чернобыль апаты – адамзат тарихындағы ең ірі техногендік апаттардың бірі. Ресми деректерге сәйкес, апат зардабын жоюға КСРО бойынша 600 мыңнан астам адам қатысса, соның 32 мыңға жуығы – қазақстандықтар. Қазіргі таңда Жарма ауданында 19 ардагер тұрады.

КӨКПЕКТІ

АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Қарағанды қаласында өткен «Даналық қуаты VI» күштік спорт түрлері бойынша ашық Азия чемпионатында Көкпекті ауданындағы Преображенка орта мектебінің мұғалімі Алмас Мизамитов жеңімпаз атанды.

Жерлесіміз байрақты бәсекеде ол ел намысын абыроймен қорғап шықты. 67 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күштілік көпсайысынан сынға түскен Алмас Мизамитов 15 елден келген спортшылар арасында үздік нәтиже көрсетіп, Азия чемпионы атанды.

Ұстаздық қызмет пен спортты қатар алып жүрген Алмас Мизамитовтың жеңісі – көпке үлгі.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Көкпекті ауданында Тассай ауылына кіреберістегі Жұзағаш өзені арқылы өтетін автокөлік көпірін қайта жаңарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Көпірдің құрылысы биыл аяқталып, нысан толық пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Бұрынғы көпірдің ұзындығы 38 метр болса, жаңа көпірдің ұзындығы 72 метрді құрайды.

Мердігер ұйым басшысы өз қаражаты есебінен көпірден республикалық маңызы бар жолға дейін асфальт төсеуді де жоспарлап отыр.

МАҚАНШЫ

БІРЛІК ПЕН ЖАҒАРУ МЕРЕКЕСІ

Мақаншы аудандық ауруханасында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі аталып өтті.

Мерекелік шараға ардагерлер құрметті қонақ ретінде шақырылып, оларға ерекше құрмет көрсетілді.

Бағдарлама аясында ұлттық ойындар ұйымдастырылып, қатысушылар қазақ халқының бай мұрасын дәріптейтін қызықты сайыстарға белсене қатысты.

Шара барысында қазақтың салт-дәстүрлері кеңінен насихатталды. Қатысушылар ұлттық тағамдардан дәм татып, Наурыздың береке мен молшылықтың символы екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді.

Мерекелік жиын барысында жоғары нәтижелерге қол жеткізген бірқатар қызметкерлерге марапаттар табысталды.

ҮРЖАР

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК ҮЛГІСІ

Үржар аудандық мәдениет үйінде Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың 40 жылдығына арналған іс-шара өтті. Тағылымды кездесуге апат салдарын жоюға қатысқан ардагерлер, аудан әкімі, зиялы қауым өкілдері және аудан тұрғындары қатысты.

Жиын барысында аудан әкімі Ақылбек Башимбаев сөз сөйлеп, адамзатқа зор қасірет әкелген жыл қатарынан іс-шара өтті. Тағылымды кездесуге апат салдарын жоюға қатысқан ардагерлерге алғысын білдірді.

Іс-шара Үржар аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰЛЫҚТАЛДЫ

Үржар ауданында еңбек ардагері, зейнеткер ұстаз, «Тоғызқұмалақ спорты» төсбелгісінің иегері Қанат Мусасарин атындағы аудан біріншілігі өтті.

Ұлттық ойынды жасөспірімдер арасында кеңінен насихаттау мақсатында оқушылар арасында үшінші жыл қатарынан дәстүрлі түрде ұйымдастырылып отырған командалық аудан біріншілігі, ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, жас ұрпақтың ойлау қабілетін дамытуға, логикалық тұрғыда шыңдалуына зор ықпал етуде.

Жарысқа аудан мектептерінен 200-ге жуық оқушы қатысып, тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті.



ШАХЗАДА ШОНАНОВА (ҚАРАТАЕВА) – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Текті әулеттен шыққан Шахзада Аронқызы 1903 жылы Батыс Қазақстан өңірінде дүниеге келген. Арғы тегі Әбілқайыр хан әулетіне барып тіреледі. Әкесі Арон Қаратаев білімді, қоғамға ықпалды тұлға болса, анасы Хұсни-Жамал – Жәңгір ханның немересі, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш ұстаз.

Жәңгір ханның ақсүйектік тәрбиесін көрген Хұсни-Жамал Астрахань губернаторымен тартысып-таласа жүріп 1894 жылы Бөкей ордасында қазақ қыздары үшін мектеп ашып, талай талантты шәкірттер тәрбиелеген ағартушы ұстаздың өмір жолы - әрі тарих, әрі дастан. Хұсни-Жамалдың қыздар мектебін ашуы қазақ қоғамындағы үлкен серпіліс еді. Оның тәлімін алған шәкірттердің арасынан елге белгілі қайраткер әйелдер шықты. Қазақтың қайраткер қыздары – Алма Оразбаева, Рәзия Меңдешова, Әмина Сүлейменова осы Хұсни-Жамалдың мектебінен өткен. 1923 жылы Хұсни-Жамал Орынборда Алма Оразбаевамен кездеседі. Шәкіртінің ел-жұртының жоғын жоқтайтын қайраткер болып жетілгенін көріп, «еңбегім еш кетпеген екен» деп разы болған деседі.

Хұсни-Жамал Елеусін Бұйрин, Ғұмар Қараш, Бақытжан Қаратаев шығарған «Қазақстан» газетін қолжазба күйінде Оралдан жасырын алып келіп, Астраханьда тұратын туған ағасы Сейіткерейдің үйіне әкеліп, баспанада бастырады. Сол әрекеті үшін оның соңына Астрахань мен Орынбор жандармериясы құпия аңду қояды...

Жымпитыдағы Бақытжан мен Арон Қаратаевтардың үйінде бірінен кейін бірі келіп-кетіп жататын талай қазақтың марғасқалары ұлт мәселесі жөнінде жиі басқосулар өткізіп тұрған. Тәрбие алған ортасы, Алаш зиялыларымен қарым-қатынасы Шахзаданың көзқарасының қалыптасуына, қайраткерлік қырының ашылуына ықпал етті. Білімге деген талпынысы оны қайсар, ерік-жігері мықты тұлға ретінде қалыптастырды. Шахзада халқына қызмет етуді мақсат етіп, күрес жолын таңдады.

Сталиндік репрессияның зұлмат толқыны Шахзаданың да өмірін шарпыды. Білімге ұмтылғанымен, жүйе оған мүмкіндік бермеді. Шахзада бірнеше рет жоғары оқу орындарына түсіп, медицина мен биология саласында білім алуға талпынды. Алғашында Орта Азия мемлекеттік университетінде, кейін Алматы медицина институтында оқыды. Алайда «әлеуметтік тегі» үшін – «байдың қызы», «тап жауының ұрпағы» деген айыппен екі рет оқудан шығарылды. Соған қарамастан, Шахзада қоғамнан шет қалған жоқ. Ол Оралда, Қызылордада мемлекеттік қызмет атқарып, халық ағарту саласында еңбек етті. Педагогикалық және ғылыми мекемелерде жұмыс істеді, ол қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы кәсіби мамандардың бірі болды.

Шахзада қазақ баспасөзінде әйел тегі мен әлеуметтік мәселелерді жиі көтерді. Оның қаламынан шыққан әрбір сөз халықтың санасын оятуға бағытталды.

Шахзада 1936 жылдан бастап тағдыр тәлкегіне ұшырады. Алғашқы жары – мемлекет қайраткері Ыдырыс Мұстамаев. Бірақ «тап жауының қызына үйленді» деген айыптау олардың ажырасуына себеп болды. Кейін Шахзада белгілі ғалым, Алаш қайраткері Телжан Шонановпен отбасын құрды. Бұл кезеңде Шахзада ғылыми-ағарту саласында белсенді қызмет атқарып жүрді.

1937 жыл оның өміріндегі ең ауыр кезең болды. Оған «ұлтшыл ұйымға қатысқан», «кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізген» деген жалған айыптар тағылды. Мұрағат деректері мұның бәрі жала екенін көрсетеді.

Шахзада мен күйеуі Телжан Шонанов Оқу комиссары Темірбек Жүргенов басқарған диверсиялық топтың құрамында ҚазМУ ғимаратын өрттемек болды деген жалған айыппен ұсталғанда қартайған Хұсни-Жамал ауыр жағдайға душар болды. Қызы мен күйеу баласы тұтқындалып, барлық мүлкі тәркіленген соң, қарт ана баспанасыз, қараусыз қалды, ішерге тамақ таппай қиналды. Таныстары сырт айналып, қиын жағдайда күн кешті. Ақыры, 1945 жылы Алматыда

Сталиндік қуғын-сүргін – қазақ тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі. Тарихи деректерге сүйенсек, 1921–1954 жылдары Қазақстанда 100 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген. Сол жазықсыз құрбандардың қатарында қазақтың талай асыл аналары мен білімді қыздары да болды.

**Бұл - жай статистика емес.
Бұл - үзіліп кеткен өмірлер.
Бұл – тәлкекке түскен тағдырлар.
Сол қасіретті жылдары жазықсыз атылып кеткен қазақтың үш қызы - Шахзада Шонанова, Торғай Сүлейменова, Мәмилә Таңатова.
Үш түрлі өмір. Бірақ үкім - біреу.**

ҮШ АРУ ҮШ ТАҒДЫР ҮШ ҮКІМ



қайтыс болды. Кей деректерде аштықтан көз жұмған деп те айтылады.

1938 жылы 9 наурызда Шахзада Шонанова ату жазасына кесілді. Ол небәрі 34 жаста еді. Одан он күн бұрын оның жары Телжан Шонанов та атылған болатын.

Ана мен қыздың тағдыры қазақ тарихындағы қос қасіреттің көрінісі іспетті. Бірі – хандық дәуірдің соңғы кезі, бірі – кеңестік жүйенің құрбаны. Дегенмен ақиқат кеш болса да ашылды. Арада жиырма жыл өткен соң, 1958 жылы, Шахзада Шонанова «қылмыс құрамының жоқтығына байланысты» толық ақталды. Бірақ бұл ақтау оның өмірін қайтарып бере алмады.

Бүгінде қазақтың қызының Шахзада Шонанова есімі қайта жаңғырып келеді. Тарихшылар мен зерттеушілер оның өмірін зерделеп, еңбегін халыққа таныстыруда. Орал қаласында мемориалдық тақта орнатылып, деректі фильмдер түсірілді.

Шахзада Шонанова – білімге ұмтылған қазақ қызының символы. Ол әділетсіз жүйеге қарсы тұрып, сол жүйенің құрбаны болды.

Оның өмірі бүгінгі ұрпаққа бір ақиқатты ұғындырады: тарихты ұмыту – әділетсіздікті қайталау. Сондықтан Шахзада Шонанованың есімі архив беттерінде ғана емес, халық жадында сақталуы тиіс. Бұл – өткенге тағзым ғана емес, болашақ алдындағы жауапкершілік.

Тарих тасқынына қарсы жүзген қазақтың қайсар қызының ерлігін насихаттау – бүгінгі және болашақ ұрпақтың абыройлы борышы.

Шахзада Шонанованың қайда жерленгені белгісіз. Бірақ есімі халық жадында мәңгі сақталады.

Торғай СҮЛЕЙМЕНОВА

Торғай Қырымқызы Сүлейменова 1904 жылы Нұра ауданының Көкмөлдiр деген жерінде дүниеге келген. «Тұтқын

анкетасында» «молда, байдың қызы, сауатты, «КПСС-ке 15 жыл» белгісімен марапатталған, КПСС мүшесі» деп көрсетілген (ҰҚК мұрағаты, № 0867 іс). Тағылған ресми айып: «Әлсенеңтің контрреволюциялық ұлттық ұйымына 1935 жылдың қазан айында кіріп, Әлсенеңтің бұйрығымен колхоздарда төңкерісшіл кадрларды дайындап, контрреволюциялық, ұлтшыл ұйымға Шахман ауылдық кеңесінің төрағасы, партия мүшесі Сүлейменов Мәженді тартқан. Колхоздың жұмыс күшін әлсірету мақсатында «Исаев» колхозының төрағасы қызметін атқарған Сүлейменова колхоздан 1404 рубль жымқырған, стахановшылардың қозғалысына кедергі келтірген, «Исаев» колхозында мал басын кемітіп, 45%-ға қысқартқан...».

Үйіне қонақ болып келгендердің бірі кейін «халық жауы» деп танылғаны үшін Торғай Қырымқызының өзі де күдікке ілінді. Көп ұзамай ол күйеуімен бірге «контрреволюциялық ұйымға қатысты бар» деген айыппен тұтқындалды.

1937 жылғы 11 тамызда Қарағанды облыстық УНКВД үштігінің үкімімен ату жазасына кесілген. Үкім 15 тамызда орындалған. «Өте құпия» деген белгі соғылған қағазда үштіктің сот отырысындағы үкіміне қатысты 11 адамды атқаны туралы акт толтырылған.

Торғай Қырымқызымен бірге жолдасы Мәжен, әкесі Қырым да атылған. Әкесіне «молда» деген айып тағылады. Бұл жөнінде Қорғалжын мемлекеттік қорығының бұрынғы директоры Сайдәлі Мәженұлы Сүлейменов былай деп еске алады:

«Әкем Мәжен Сүлейменұлы 1894 жылы, анам Торғай Қырымқызы Сүлейменова 1904 жылы Нұра ауданының «Көкмөлдiр» деген жерінде дүниеге келді. Әкем 1937 жылдың сәуірінде «Шахаман» деген колхозда ауылдық кеңестің төрағасы, ал анам осы колхоздың басқарма төрайымы болып қызмет атқарады. Екеуі де жас-

тайынан совет өкіметін барынша жақтап, азаттық жолында ат жалын тартып жүрді. 1932-33 жылдардағы ақсирақ аштықтан аман қалған елдің басын біріктіріп, «Шахаман» атты колхоздың контрреволюциялық, бірі ауылдық кеңестің төрағасы, бірі басқарма төрайымы болып сайланды.

1937 жылдың наурыз айының ортасында түнде үйдің есігін сартылдаты қағып, өңкей қара киінген бір топ жөндеттер сау етіп, үйге кіріп келді. Үй-ішін тінтіп, астан-кестенін шығарды. Қарындасымыз екеуіміз әкемінің қолтығына тығулымен аңырап қалдық. Әкем мен шешемді қара киген адамдар сыртқа сүйреп бара жатты. Содан бері «Шахаман» колхозында тұрғанымызда үйімізге тірі жан басын сұғып көрген емес. Жазықсыз әке-шешеме «халық жауы» атты нақақтан жабылған жала өмір-бақи қыр соңымыздан қалмай қойды. Әкем мен шешемнің тағдыры беймәлім күйінше қалды. Кейін іздеуге өтініш білдіріп, мұрағат құжаттарымен танысуға рұқсат алдым.

– Қағаз-қаламдарыңызды мында қойыңыз, құжаттарды оқып шығыңыз, – деген орыс әйелі сәлден соң бір сарғайған папканы маған ұстатты. Папканы маған ашып қалғанда, бірден көзіме оқтай қадалған мынау еді: «Мәжен мен Торғай Сүлейменовтер 1937 жылы наурыз-сәуір айларында тұтқындалған. Ерлі-зайыпты. 1937 жылы 10 тамызда үштіктің шешімімен ең жоғарғы жаза – ату жазасына кесілді. 1937 жылы 21 тамызда үкім орындалды» делініпті («Ана тілі» газеті, 11.05.2011).

Торғай Сүлейменова 1958 жылдың 30 қазанында ақталған. 1989 жылдың 29 қазанында «Индустриальная Караганда» газетінің № 274 санында «КПСС қатарына қайта алынғандар» деген мақала басылыпты. Онда: «Қарағанды обкомының партиялық комиссиясы шешімімен Шахаман ауылдық кеңесінің төрағасы Сүлейменов

Мәжен, Шахаман колхозының төрайымы Сүлейменова Торғай КПСС қатарына өлгеннен соң қайта алынды», – деп жазылған екен. 50 жылдай бұрын жазықсыз атылып кеткен жандарға «коммунистердің қатарына қайта алыну» қаншалықты керек болды десеніңізші?! Бұл сол кездегі жүйенің мазағы ма, қорлығы ма, кім білсін. Өлде талай жанның обалына қалып, қолын қанға бояған жүйенің ел алдында бойын тіктергісін келген түрі ме екен? Не де болса, өлгендер қайтып келмейтіні анық...

Бірақ артында қалған балашағасына бұның өзі де бір медет болған шығар. Торғай мен Мәжен Сүлейменовтердің атында қазір Қарағанды облысы Нұра ауданының Нұра кентінде көше бар. Бірінші Мамыр ауылдық кеңесінің қабырғасына «Торғай Қырымқызы мен Мәжен Сүлейменұлына артқа қалған ұрпақтарынан мәңгілік ескерткіш» деген жазуы бар тақта ілінген... .

Сталиндік репрессияның құрбаны болған Торғай Сүлейменова – қоғам өміріне белсене араласқан қазақтың сауатты қызы, бірақ ең алдымен ол ана болды.

Мәмилә ТАҒАТОВА

Мәмилә Таңатованың есімі тарих кітаптарына еңбеген, оның тағдыры - сол дәуірдің ең шынайы бейнесі. Ол - ауыл тіршілігінің ауыр жүгін көтерген қарапайым еңбек адамы.

1907 жылы дүниеге келген Мәмилә саясаттан алыс өмір сүрді. Қазақ тілінде алынған сұрақ-жауапта Мәмилә Таңатованың Қарағанды облысының Қу ауданында туғандығы, кедей шаруа отбасынан шығып, колхозда жұмыс істегені, революцияға дейін әкесінің тәрбиесінде болғаны, банда қатарында болмағаны, контрреволюциялық ұйымдар мен төңкерістерге қатыспағаны жазылған. «Революцияға дейін сотталмаған, төңкерістен кейін «өзінің айтуынша, сотталмаған», - деп жазылған. Алайда бұрын ешқандай қылмыстық ұйымда болмағаны, кедей отбасынан шыққаны елеп-ескерілместен, Мәмилә Таңатова ату жазасына кесілген. Жағдайы төмен отбасында дүниеге келіп, қарапайым еңбек адамдарының қатарында колхозда жұмыс істеген Мәмилә Таңатоваға «Қазақстанды КСРО құрамынан бөліп әкетпек болды» деген жала жабылып, «сенімсіз элемент» атанды. Бұл айыптардың артында нақты дәлел болған жоқ. Бірақ ол кезде шындықтың құны болмады.

1937 жылдың 29 тамызында Мәмилә Таңатова тергеуге алынып, 1938 жылғы қанды қырғында 38 боздақтың артынан 39-шы болып атылды.

Мәмилә Мәмилә Таңатоваға тек 20 жылдан соң, 1957 жылы ғана «қылмыс құрамы анықталмаған» деген негізбен ақталды. Мәмиләның өмірі - үнсіз кеткен мыңдардың өмірі. Оның соңғы сөзі, соңғы арманы бізге белгісіз. Бірақ оның есімі, тағдыры ұмытылмауы тиіс.

«Халық жауы» атанып, жазықсыз ату жазасына кесілген үш арудың ішінде Мәмилә небәрі 30 жасқа жаңа толған еді. Ал Торғай Сүлейменова мен Шахзада Шонанова 35 жасқа да жетпей, өмірден өтті.

Торғай мен Мәмиләдан бүгінгі ұрпаққа тіпті бір жапырақ суреттің де қалмауы жүрекке ауыр тиеді. Ұлтын сүйгені үшін «ұлтшыл» атанған осы арулардың есімін ұлықтау – тарих алдындағы ғана емес, келешек ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

Шахзада, Торғай, Мәмилә... Үш түрлі тағдыр, үш түрлі өмір жолы. Бірі – білім мен ғылым жолында қызмет еткен зиялы жан.

Бірі – отбасының ұйытқысы болған ана.

Бірі – қарапайым еңбекпен күн кешкен ауыл адамы.

Алайда үшеуінің өмірін сталиндік репрессия қиды. Тоталитаризмдік жүйе ешкімді таңдап, талғап жатпады.

Бүгінгі ұрпақ тарихымыздың бұл қаралы беттерін, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды білуі керек. Өйткені әр есімнің артында тұтас бір тағдыр, бүтін бір ғұмыр жатыр.

Мақала баспаға ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты

Альфия Байболсынова мен Qazaqstan tarihu порталындағы Заңғар Кәрімханның ғылыми еңбектері негізінде әзірленді

АУЫЛДАН БАСТАЛАТЫН ҮЛКЕН ЖОЛ

Қазақ “Спорт – денсаулық кепілі” деп бекер айтпаған. Бүгінде бұл ұғым тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның дамуының көрсеткішіне айналды. Әсіресе, ауыл спорты – ел болашағын тәрбиелейтін, дарынды жастарды шыңдайтын маңызды сала. Осы тұрғыдан алғанда, Аягөз ауданында спорттың дамуы соңғы жылдары жаңа қарқын алып, жүйелі жолға түсе бастағаны байқалады.

Ай-Керім МАҚЫШ,
«Semei tauy»



2026 жылдың алғашқы кезеңі Абай облысында спорттық жарыстарға толы болды. Жыл басынан-ақ өңірдің әр түрліінде ұйымдастырылған облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі додалар жасөспірімдер спортының кең қанат жайып келе жатқанын көрсетті. Бұл үрдістен Аягөз ауданы да шет қалған жоқ.

Жылдың алғашқы бөлігінде Семей қаласында қазақ күресі мен грек-рим күресінен өткен облыс чемпионаттары жас балуандар үшін үлкен мектеп болды. 2009–2010 және 2011–2012 жылдары туған жасөспірімдер бөліктерінде бақ сынап, тәжірибе жинады. Бұл жарыстар тек жеңімпаздарды анықтап қана қоймай, болашақ спортшылардың шыңдалуына жол ашты.

Осы кезеңде Аягөз ауданы үшін маңызды оқиғалардың бірі – футболдан Абай облысының ашық чемпионатының өтуі болды. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде ұйымдастырылған бұл жарысқа түрлі аймақтардан командалар қатысып, жоғары деңгейде өткен тартысты ойындар көрерменге ерекше әсер сыйлады. Мұндай жарыстар ауыл жастарының спортқа қызығушылығын арттырып, бұқаралық спорттың дамуына серпін берді.

Келесі кезеңде Семей қаласында бокстан және дзюдодан өткен бірқатар жарыстар да аймақ спортшылары үшін маңызды белес болды. Әсіресе, Кеңес Одағының спорт шебері М.Ф. Усеновты еске алуға арналған дзюдо чемпионаты мен бокс турнирлері жас спортшылардың шеберлігін шыңдауға үлкен мүмкіндік берді.

Одан кейін өткен халықаралық деңгейдегі бокс турнирі де өңір спортының әлеуетін көрсетті. КСРО спорт шебері К. Омаровты еске

алуға арналған бұл жарысқа қатысу – жасөспірімдер үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Сонымен қатар, Қалбатау ауылында волейболдан қыздар арасында өткен облыстық лига жарыстары ауыл спортының дамуына келе жатқанының айқын дәлелі.

Жылдың осы аралығында өткен спорттық жарыстар легі толастамады. Жарма ауданында грек-рим күресінен ұйымдастырылған облыстық турнир, Семей қаласында дзюдо мен бокстан өткен жарыстар, сондай-ақ футболдан додалар жас спортшылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Ал Көкпекті ауылында қазақ күресінен өткен Амантай Қазымовты еске алуға арналған турнир ұлттық спорттың дамуына қосылған үлкен үлес болды.

Аягөз ауданы үшін ауыл спортының орны ерекше. Өйткені нағыз дарын иелері көбіне ауылдан шығады. Қарапайым ғана ауыл баласының үлкен спортқа жол тартуы – оның табандылығы мен еңбегінің нәтижесі. Ауылдағы спорт мектептері мен жаттықтырушылардың еңбегі осы тұрғыда өлшеусіз.

Бүгінде ауылдық жерлерде спорт инфра-

құрылымы біртіндеп жақсарып келеді. Спорт залдары жөнделіп, жаңа алаңдар салынууда, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің жұмысы жанданып келеді. Бұл – болашақ чемпиондарды тәрбиелеудің берік негізі.

Сонымен қатар, ауыл спорты тек жарыс пен жеңіс емес, ол – тәрбие. Спортпен айналысқан бала тәртіпке үйренеді, мақсат қоя біледі, еңбекқорлық пен жауапкершілікті бойына сіңіреді. Сондықтан ауылдағы өрбір спорттық шара – ұрпақ тәрбиесіне қосылған үлес.

Жалпы алғанда, 2026 жылдың алғашқы кезеңіндегі спорттық іс-шаралар Аягөз ауданында спорт саласының дамуына келе жатқанын айқын көрсетті. Жарыстардың көптеп ұйымдастырылуы, жастардың белсенді қатысуы – бұл бағыттағы жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Алдағы уақытта да осы қарқын сақталып, ауыл мен аудан спорты одан әрі дамуі деген сенім мол. Себебі үлкен спорттың бастауы – ауылда. Ал ауылда шыңдалған жас – ертен ел намысын қорғайтын тұлға.

Тіл – ұлттың жаны, оның рухани болмысы мен тарихи жадын сақтайтын баға жетпес құндылық. Ана тілі арқылы әр халық өзінің мәдениетін, дәстүрін, дүниетанымын келер ұрпаққа аманат етеді. Сондықтан да тілге деген құрмет – елге, ұлтқа деген құрметтің айқын көрінісі.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Ай-Керім МАҚЫШ,
«Semei tauy»

Дарынды оқушыларды анықтау, олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, облыстық олимпиадаға дайындығын шыңдау және қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында Зылиха Алдабергенова атындағы аудандық олимпиада өтті.

Мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында Зылиха Алдабергенова атындағы аудандық олимпиада өтті.

Мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында Зылиха Алдабергенова атындағы аудандық олимпиада өтті.

Аягөз ауданы білім бөлімінің хабарлауынша, пән олимпиадасы Зылиха Алдабергенова атындағы кабинетті таңыстырудан басталып, мәдени іс-шаралар залында ұстаздың өнегелі өмір жолын дәріптеуге арналған іс-шаралармен жалғасты.

Пән олимпиадасының туы енгізіліп, алауы жағылған соң білім додасы ресми түрде басталды.

Олимпиаданың ашылу рәсімінде сөз алған аудандық білім бөлімінің басшысы Нұрғали Азимбаев оқушыларға жүрекжарды тілегін білдіріп, сөттілік тіледі. Іс-шараға Зылиха Қуанышқызының ұрпақтары мен туыстары, зиялы қауым өкілдері қатысты. Қонақтар қатарында Сауле Ережепова, Рахматулла Аязбаев, Гүлнара Ережепова, Айгүл Әуелбаева, желтоқсан оқиғасының ардагері Күлсара Бүлегенова және «Жастар» қоғамдық ұйымының төрайымы Қорлан Қалиева болды.

Іс-шараға өнер және мәдениет саласының танымал өкілдері - Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының өңшісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, халықаралық «Жамбыл» сыйлығының иегері, профессор Ұлжан Айнақұлова, Қытай Халық Республикасының халық әртісі Муталип Дилнур және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Гүлнара Нұрсейітова да келді. Қонақтар ұстаз жайлы тағылымды естеліктерімен бөлісті.

Олимпиада қорытындысы бойынша, 7-сыныптар арасында I орынды Сағи Алтынай (№1 Ақшөулі мектебі), II орынды Гүлсім Абдулхақ (Дулат Бабатайұлы атындағы мектеп) пен Сая Түгелханова (Шыңжао батыр атындағы мектеп) иеленді. III орын жүлдегерлері қатарында Инжу Балғали (Сергиополь мектебі), Рахим Шынар (№3 мектеп), Серікжызы Айсара (№5 мектеп), Өмірбай Айару (Тарбағатай орта мектебі) және Серік Айару (қалалық қазақ мектеп-лицейі) бар.

8-сыныптар арасында I орынды Жанерке Қаламбек (№5 мектеп) жеңіп алды. II орынды Гүлім Сағадат (№3 мектеп), Аймара Аманжолова (№6 мектеп), Қаусар Серікқұл (№8 мектеп) иеленсе, III орынды Әлпеш Қызырхан (Сары-Арқа мектебі), Айша Тұрлыбекова (С.Фаббасов атындағы мектеп) және Дильназ Қайратова (қалалық қазақ мектеп-лицейі) еншіледі.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге Зылиха Қуанышқызының ұрпақтары атынан ақшалай және бағалы сыйлықтар табыс етілді. Ал арнайы келген қонақтар мен ұстаздың ұрпақтары аудандық білім бөлімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Олимпиаданың жабылу салтанаты да ерекше әсерлі өтті. Қатысушылар Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Ұлжан Айнақұлова мен өнер майталманы Гүлнара Нұрсейітованың ән шашуын тамашалады.

Жас ұрпақтың ана тіліне деген құрметін арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған білім байғезі жолға деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға ұмытылмас әсер сыйлады.



Әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында ең төменгі жеткіліктілік шегінен (ТЖШ) асатын зейнетақы жинақтарын кез келген азаматқа алып беруге делдалдық қызмет көрсетеміз деген ұсыныстар әлі де кеңінен таралуда.

ДЕЛДАЛДАРҒА СЕНУ АСА ҚАУІПТІ

Мұндай қызметтер үшін алаяқтар алдын ала төлем жасауды талап етеді, оны олар көрсетілген қызметтің ақысы ретінде негізсіз сұрайды.

БЖЗҚ тағы да ескертеді: біржолғы зейнетақы төлемдері делдалсыз және комиссиясыз жүргізіледі. Күмәнді схемаларға қатысуға келісу арқылы сіз тек қаражатыңыздан айырылып қана қоймайсыз, сонымен қатар жеке деректеріңіздің қауіпсіздігіне де қатер төндірсіз. Мұндай мәліметтер кейіннен өзге де алаяқтық әрекеттерде пайдаланылуы мүмкін.

Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын ҚР Әлеуметтік кодексіне көзделген жағдайларда ғана алуға болатынын ескертеміз. Ең алдымен, ол - зейнет жасы, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топ мүгедектің белгіленуі, ҚР аумағынан тыс ТТЖ кету, мұрагерлік. Зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеу мақсатына заңмен бекітілген талаптарды орындаған жағдайда, мына санаттағы азаматтар құқылы:

- ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинағы бар салымшылар (ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын сома мөлшерінде);
- зейнетақысы жоғалтқан табысының (бұрын алынған жалақысының) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер – олар шотта қалған жинағының 50% дейін пайдалана алады;
- еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер (жинағының 100% дейін);
- зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (жинағының 100% дейін).

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге немесе емделуге мақсаты пайдалану тек үкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банктер арқылы ғана мүмкін. Тісінше, делдалдық қызметтер қажет емес. Бұл ретте БЖЗҚ ешқандай ақы алмайды.

Күмәнді әрекетке қатысуға келісе отырып, сіз ақшаңызды жоғалту қаупін тудырып қана қоймай, болашақта басқа алаяқтық әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін жеке деректеріңіздің сақталуына да қауіп төндірсіз.

БЖЗҚ өз салымшылары мен алушыларына мұндай ұсыныстарды елемеге, тек ресми көздерден ақпарат алуға және құқықтық тұрғыдан қорғалған салада ғана әрекет етуге қатаң кеңес береді.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, өз зейнетақы жинағыңызды мақсатты пайдалану мен аударуға қатысты ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтан да: enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ уялы қосымшасы арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көпарналы тегін байланыс немесе +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы,

БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтеміңің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуы, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуы жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

СПОРТ

АРДАГЕР ҰСТАЗДАР АРАСЫНДАҒЫ СПАРТАКИАДА

Семей қаласында ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай ардагер ұстаздардың II облыстық спартакиадасы өтті.

Аталған спорт жарысына облыстық барлық аудандары мен қалаларынан 80-ге жуық ардагер спортшы қатысты. Тек Курчатова қаласында зейнеткер жастағы ұстаздардың аз болуына байланысты команда жасақталмады.

Жарыс бағдарламасына ардагерлер үшін қолайлы әрі кеңінен танымал спорт түрлері енгізілді. Атап айтқанда дойбы, тоғызқұмалақ, сондай-ақ шахмат пен үстел теннисі бойынша сайыстар ұйымдастырылды.

Спартакиада барысында ардагерлер шеберліктерін паш етіп, нағыз тартысты ойын өрнегін көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша, командалық есепте Семей қаласының, Бородулиха және Жарма аудандарының командалары үздік деп танылып, арнайы кубоктармен марапатталды. Жеке елі сында да тартысты бәсекелер өрбіді. Дойбыдан Семей қаласынан қатысқан Гауһар Сәбижанова мен Бородулиха ауданынан Серікжызы Нұрғазин жеңімпаз атанды. Тоғызқұмалақ бойынша Сауле Татубаева мен Мұрат Оқасов екінші мәрте чемпиондық атаққа қол жеткізді. Шахмат бәсекесінде аягөздік Шолпан Төкішева мен семейлік Дамир Сафулин бас жүлдені иеленді. Ал үстел теннисінде Үржар ауданының спортшылары – Светлана Мамбетова мен Сәбит Бекішев қарсыластарына еш мүмкіндік бермей, үздік нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар жарыста ерекше ойын өрнегімен көзге түскен қатысушылар да аз болмады. Олардың қатарында семейлік ардагер Дәурбай Тауенов, ұржарлық Қанат Мусасарин, Дина Жақұпова және Абай ауданының намысын қорғаған Серік Берікбол сияқты тәжірибелі ұстаздар бар.

Барлық жүлдегерлер дипломдармен, медальдармен марапатталса, жарысты ұйымдастыруға атсалысқан мемлекеттік мекеме басшылары мен төрешілер алғыс хаттарға ие болды.

Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне Абай облысы білім саласы ардагерлер кеңесінің төрайымы Мәдениет Ахметова мен комиссия мүшелері зор үлес қосты. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да облыста және республикалық деңгейдегі жарыстарда ардагер спортшылардың белсенділігі артта беретініне сенім білдіріп, барлық қатысушыларға алғыс айтта.

Арай БОЛАТҰЛЫ,
жарыстың бас төрешісі

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Шүлбі кентінде Халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының облыстық кезеңі өтті.

«АЙБЫН» ЖИЫНЫ ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



Ауқымды іс-шарада өңірдің аудан, қалаларынан келген 11 команда қатысып, алғашқы әскери дайындық негіздері бойынша шеберліктерін сынағанды.

Үш күнге созылған жарыс барысында қатысушылар бірнеше бағыт бойынша сайысқа түсті. «Айбын» жұлдызы» шығармашылық байрауы мен «Smart Sarbaz» робототехника сайысында оқушылар өз өнерлері мен техникалық қабілеттерін паш етті. Ал әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша белтемірге тартылу, арқаға жатып денені көтеру, пневматикалық мылтықтан ату, АК-74 автоматтың толық емес бөлшектену және жинау, әскерлендірілген кросс пен арқан тарту кезеңдерінде қатысушылардың күш-жігері мен ептілігі бағаланды.

Сайыстың қорытындысы бойынша, бас жүлдені Семей қаласының командасы жеңіп алды. Бірінші орынды Жарма ауданының командасы иеленсе, екінші орын Көкпекті ауданына бұйырды. Ал Үржар ауданының командасы үздік үштікті түйіндеді.

Жеке және командалық есепте жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар дипломдармен, ақшалай сертификаттармен, кубоктармен және медальдармен марапатталды.

Аталған іс-шара жасөспірімдердің әскери-патриоттық тәрбиесін нығайтып, олардың отансүйіштік рухын қалыптастыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал ететін маңызды алаңға айналды.

Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі

БІЛІМ

«БІЛІМ ӨРКЕНИЕТІНЕН – ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІНЕ»

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназиясында «Білім өркениетінен – ғылым көкжиегіне» атты ауқымды іс-шара ұйымдастырылды. Танымдық мәні зор жиынның басты мақсаты оқушылардың ғылыми ізденісін қолдап, зерттеу дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.



Шараға Shakarim University мен Bokeikhan University ғалымдары мен оқытушылары қатысып, жас зерттеушілермен тәжірибе алмасты. Олар оқушыларға ғылым жолындағы алғашқы қадамның маңызын түсіндіріп, болашаққа бағыт-бағдар берді.

Іс-шара аясында «Ғажайып ғылым әлемі» атты көрме өтіп, қатысушыларға ғылымның түрлі бағыттары таныстырылды. Онда ұсынылған тәжірибелер мен жобалар көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Жыны барысында гимназияның 60-тан астам оқушысы өз ғылыми жобаларын қорғап, білімдерін ортаға салды. Жас ізденушілердің еңбегіне жоғары оқу орындарының мамандары оң баға беріп, олардың ізденісі мен әлеуетін атап өтті.

Мазмұнды өткен шара оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, зерттеушілік қабілеттерін айқындай түсті. Мұндай бастамалар жас ұрпақтың білімге құштарлығын нығайтып, болашақта ғылым саласында табысты еңбек етуіне жол ашады.

Нүркен ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ,
«Абай облысы оқушылар Альянсы» РОҚ төрағасы



ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ



ҚАЙСАРЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Муханов Шаймухан Кешімбайұлы – Отанға адал қызметтің өнегелі жолы.

Ұлы Отан соғысының тарихы – ерлік пен қайсарлыққа толы тағдырлар шежіресі. Солардың қатарында полковник Муханов Шаймухан Кешімбайұлының есімі ерекше құрметпен аталады.

Муханов Шаймухан Кешімбайұлы 1921 жылы Семей өңірі, Абыралы ауданы, Қайнар ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбеккерлік пен жауапкершілік қасиеттерімен ерекшеленді. 1940 жылы Қызыл армия қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап майданға аттанды.

Волхов және Ленинград майдандарында шайқасқан ол өзін білікті ері батыл командир ретінде көрсетті. 177-атқыштар дивизиясы құрамында батальонды басқарып, Ленинград қоршауын бұзу операциясына қатысты.

Любань қаласын азат ету кезіндегі шайқастарда ерекше ерлік

танытып, оның басқаруындағы бөлімше жау қорғанысын бұзып, тапсырманы абыроймен орындады. Осы ерлігі үшін Александр Невский орденімен марапатталды.

Қызмет жолында Муханов Шаймухан Кешімбайұлы Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, Отан соғысы ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін елге қызмет етуді жалғастырып, партия органдарында және мемлекеттік қауіпсіздік жүйесінде жауапты қызметтер атқарды.

Жұбайы Камалмен бірге Муханов Шаймухан Кешімбайұлы төрт бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде оның ұрпағын төрт немере мен жеті шөбере жалғастырып келеді.

Муханов Шаймухан Кешімбайұлы 2015 жылғы 7 маусымда 94 жасында өмірден озды.

Ардагерге деген құрмет белгісі ретінде 2026 жылғы 7 мамырда оның туған жері – Қайнар ауылында бюстін орнату жоспарланып отыр. Муханов Шаймухан Кешімбайұлының өмір жолы – Отанға адалдық, ерлік пен жауапкершіліктің айқын үлгісі. Оның есімі халық жадында мәңгі сақталады.

А.Х.МАТАЕВ,

ҚР «ҰҚ органдарының ардагерлері»

РҚБ филиалының төрағасы оствакадағы полковнигі

4 САҒАТ ТАС АСТЫНДА ҚАЛҒАН
КЕНШІ ТІРІ ҚАЛДЫ: ДӘРІГЕРЛЕР
ЖАҒДАЙЫН ҚАЛАЙ БАҒАЛАП ОТЫР?

Абай облысындағы Орлов шахтасында болған опырылыс салдарынан бір адам қаза тауып, тағы бір кенші ауыр халде ауруханаға жеткізілді. Ол төрт сағат бойы тау жыныстарының астында жатқан.

Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, 1985 жылы туған ер адам 27 сәуір күні кешке медициналық мекемеге ауыр жағдайда түскен. Оның айтуынша, шамамен сағат 11:00-де шахтада опырылыс болып, үстіне тас құлаған.

Дәрігерлер науқасқа күйлескен жаррақат, бас миының шайқалуы, жұмсақ тіндердің көптеген зақымдануы және ұзақ қысылу синдромы» диагнозын қойған.

Алғашқы медициналық көмек Бородулиха аудандық орталық ауруханасында көрсетіліп, кейін науқас жедел жәрдем арқылы Семей қаласының жедел медициналық көмек ауруханасына жеткізілген.

Мамандардың айтуынша, науқас травматологтар, нейрохирургтар, урологтар және

хирургтардың тексеруінен өткеннен кейін жансақтау бөліміне жатқызылған. Қазіргі уақытта ол қарқынды терапия алып жатыр, жалпы жағдайы ауыр деп бағалануда.

Дәрігерлер науқастың әрі қарайғы емдеу тактикасын нақтылау үшін консилиум өткізуді жоспарлап отыр.

Алайда бұл оқиға тек бір адамның тағдыры ғана емес. Шахтадағы қауіпсіздік мәселесі тағы да күн тәртібіне шықты. Төрт сағат бойы үйінді астында жатқан кеншінің тірі қалуы – кездейсоқтық па, әлде жүйедегі олқылықтардың салдары ма? Еңбек қауіпсіздігі талаптары қаншалықты сақталып жатыр деген сұраққа жауап берілмейінше, мұндай апаттардың қайталану қаупі сөйлемейді. Өрбір өндірістегі қауіпсіздік – тек қағаздағы талап емес, адам өмірінің нақты кепілі болуы тиіс.

«Riza bol»
ұсынатын кәдесый

Әр орамал —
өйелдің ішкі
әлеміне арналған
үнсіз сыр.
Қорабы мен сөмкесі де
кәдесыйдың мазмұнын
аша түседі.

8 778 929 14 53
8 777 276 90 74

Абай өлеңдерімен аталып,
«Riza bol» сауда белгісімен
шыққан жібек орамалдар –
ұлттық болмысты
заманауи нәзіктікпен
тоғыстырған ерекше
кәдесый.

«Желсіз түнде жарық ай»
– сабыр мен сенімнің,
«Көзіңнің қарасы» –
махаббат пен мейірімнің
белгісіндей.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

2026 жылғы 11 маусымда сағат 10:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Батыс өнеркәсіптік торап, 45 мекенжайында, зауыт басқармасы ғимаратында «Өндірістік компания «Семей цемент зауыты» ЖШС үшін кешенді экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауды Zoom платформасында өткізілетін видеоконференциясына мына сілтеме арқылы қатысуға болады:

https://us06web.zoom.us/j/81590289069?pwd=n29Ba7zWtKx26MKy5fQbeF5B4ia70t.1

Идентификатор конференция 815 9028 9069, пароль: 140426.

Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша 8 (777) 064 98 95 телефонына хабарласуға болады.

Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық пошта: тел. 8 (777) 064-98-95, e-mail: makeyeva.karina@ecoair.kz.

Тапсырыс беруші: «Өндірістік компания «Семей цемент зауыты» ЖШС, БСН 02124000022, ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Батыс өнеркәсіптік торап, 45, тел. 8 (7222) 31-52-36, info@semeycement.com.

Әзірлеуші: «ECO AIR» ЖШС; БИН 050940002909; ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Беспалов көшесі, 51А; тел. 8 (7232) 41-06-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 354422.

Жоба бойынша құжаттамалар Қоршаған ортаның жағдайы және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі – https://hearings.ndbecology.gov.kz/ «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде сайтында жарияланған.

Ескертпелер мен ұсыныстар https://hearings.ndbecology.gov.kz/, urpgr.abay@akimatabai.gov.kz электрондық пошталары бойынша қабылданады.

Жоба

«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ СУ ОБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ СУ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСТАРЫНДАҒЫ
КӨПШІЛІКТІҢ ДЕМАЛУЫНА, ТУРИЗМ ЖӘНЕ
СПОРТҚА АРНАЛҒАН ОРЫНДАРДЫ БЕЛГІЛЕУ ТУ-
РАЛЫ» АБАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
2025 ЖЫЛҒЫ 20 ТАМЫЗДАҒЫ
№ 145 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Абай облысының су объектілері және су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм және спортқа арналған орындарды белгілеу туралы» Абай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 тамыздағы № 145 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 - қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді аялондық бақылау банкін енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Абай облысы бойынша филиалына жолданысын;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысының әкімі

Б. УӘЛІ

«Абай облысының су объектілері және су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм және спортқа арналған орындарды белгілеу туралы» Абай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 тамыздағы № 145 қаулысына өзгеріс енгізу туралы «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ресми сайтында орналасқан.

«Семей таны» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактордың
орынбасары –
Роза ПУШПАҚОВА

www.
semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPU00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «АБАЙ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) бастап орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Аптасына екі рет - сәйкесінше, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙТІЛДІ

Абай облысында құқық қорғау органдары есірткі қылмысының алдын алу және жолын кесу бағытындағы жүйелі жұмыстарын жалғастырып келеді.

Жыл басынан бері өңірде есірткі айналымына қатысты 28 қылмыс анықталған. Қазіргі таңда барлық дерек бойынша қажетті процессуалдық шаралар қабылданып, тиісті тергеу амалдары жүргізілуде.

Сонымен қатар 29 қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, құқық қорғау қызметкерлері аталған істерге қатысы бар тұлғаларды анықтау және оларды жауап-

кершілікке тарту бағытында белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Атыраулы шаралардың нәтижесінде заңсыз айналымнан 51 келі түрлі есірткі және психотроптық заттар тәркіленген. Бұл көрсеткіш өңірдегі есірткі саудасына қарсы күрестің қарқын алғанын аңғартады. Әсіресе, есірткі жеткізу арналарының жолын кесуге ерекше назар аударылуда. Жедел іздестіру іс-шаралары барысында синтетикалық есірткі жеткізудің екі тұрақты арнасы толықтай жойылған.

Сондай-ақ есірткі қылмысына қатысы бар 10 адам ұсталған. Олардың қатарында синтетикалық есірткіні заңсыз сақтаған екі азамат бар екені анықталып, құқық қорғау органдары бұл бағыттағы жұмыс-

толық дәлелдей алмайды деген қорытындыға келді. Сонымен бірге, ірі көлемдегі немесе кәсіпкерлік қызметке қатысты мәмілелер міндетті түрде жазбаша түрде рәсімделуі тиіс екені атап өтілді. Ал мұндай жағдайда тек куәгерлердің айғақтық жеткіліксіз дәлел болып саналады.

Бұдан бөлек, сот азаматтардан қарыз қаражатын кәсіпкерлік қызмет ретінде тартуға заңмен тыйым салынатынын да еске салды.

Апелляциялық саты жауапкерді ауыстыру және істі басқа өңірге беру туралы талаптарды қанағаттандырмады, себебі мұндай мәселелер апелляцияда қаралмайды әрі бірінші саты соты тарапынан соттылық қағидалары бұзылмаған.

Нәтижесінде, Семей қаласының мамандандырылған ауданаралық азаматтық сотының шешімі күшін жойып, 64 млн теңге көлеміндегі қарызды өндіру туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту жөнінде жаңа шешім қабылданды.

«ЖАЙ МАЗАЛАУ ЕМЕС – ҚЫЛМЫС»

Абай облысында бұрынғы сүйіктісін қудалаған ер адам сотталды

Абай облысында бұрынғы қарым-қатынаста болған әйелді жүйелі түрде қудалаған 28 жастағы ер адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Мәліметке сәйкес, ер адам қарым-қатынас үзілгеннен кейін әйелді қайта-қайта мазалап, оның тұрғылықты мекенжайы мен жұмыс орнына барған. Сондай-ақ түрлі нөмірлерден қоңырау шалып, хабарламалар жіберу арқылы байланыс орнатуға тырысқан. Аталған әрекеттер жүйелі сипат алып, жәбірленушіге моральдық қысым көрсетіп, психологиялық зиян келтіргені анықталды.

Сот шешімімен ер адам кінәлі деп танылып, оған 100 са-

ғат қоғамдық жұмыс жазасы тағайындалды. Үкім заңды күшіне енгеннен кейін сотталған тұлға пробация қызметінің есебіне алынып, жазасын өтеу үшін жұмысқа орналастырылған. Сотталушы өз кінәсін мойындап, жасаған ісіне өкінетінін жеткізді. Ол алдағы уақытта мұндай әрекетке жол бермейтінін атап өтті.

Қазіргі уақытта пробация қызметі оның мінез-құлқын бақылап, профилактикалық жұмыстар жүргізіп жатыр.

Бұл оқиға қоғамда жиі еленбей қалатын бір шындықты тағы да көрсетті: «жай ғана жазып жүр», «іздеп жүр» деп қабылданатын әрекеттердің өзі адамға ауыр психологиялық қысым түсіреді. Жеке шекараны бұзу – махаббаттың көрінісі емес, заң алдында жауап беретін құқықбұзушылық. Үнсіз қалу – мәселені шешпейді, ал құқықтық баға беру – қауіптің алдын алудың жалғыз жолы.

Құзырлы органдардың айтуынша, адам саудасына қарсы күрес, азаматтардың құқықтарын қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Бұл оқиға – тек бір қылмыстық іс емес. Бұл – қоғамдағы осал топтардың қаншалықты қорғалмағанын көрсететін ашық шындық. Жеңіл табысқа құрылған келеңкелі бизнес адам тағдырын ойыншыққа айналдырмауы үшін тек құқық қорғау органдары емес, бүкіл қоғам жауапты екенін ұмытпауымыз керек.

ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Әйгерім СӨРСЕНҚАЛИ